

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫ

**Г.Х. Ахметова**

**КОНФЛИКТОЛОГИЯ ЖӘНЕ  
СУИЦИДОЛОГИЯ**

*Оқу құралы*



Алматы  
2023

УДК 159.9 (075.8)

ББК 88.3 я73

А94

*Қазақстан Республикасы ІІМ Шрақбек Қабылбаев атындағы  
Қостанай академиясының Ғылыми кеңесі ұсынған*

### Рецензенттер

Психолог мамандарды даярлау және әлеуметтік жүргізу  
орталығының аға оқытуша-әдіскері

полиция подполковнигі **А.Б. Досмаилова**

А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ педгогика жән психология  
кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының  
кандидаты **Ш.С. Демисенова**

**Ахметова Г.Х.**

А94 **Конфликтология және суицидология: Оқу құралы. /**  
**Ахметова Г.Х. – Алматы: ТОО "ЛАНТАР BOOKS",**  
**2023. – 79 б.**

**ISBN 978-601-361-329-1**

«Конфликтология және суицидология» пәні қақтығыс ұғымын қоғамның әлеуметтік феномені ретінде зерттейді. Қоғамдағы жеке санаттағы адамдардың өміріндегі қақтығыстар теріс рөл атқарады, бұл адамның, қоғамның моральдық, материалдық, психологиялық күштеріне үлкен зиян келтіреді

**УДК 159.9 (075.8)**

**ББК 88.3 я73**

**ISBN 978-601-361-329-1**

© Ахметова Г.Х., 2023

© ТОО "ЛАНТАР BOOKS" 2023

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	5
---------------	---

### Тақырып 1.

Конфликтологияның негізгі ұғымдары .....	6
1. Конфликтологияның негізгі ұғымдары .....	6
2. Дау-дамайдың құрылымы және дамуы .....	6

### Тақырып 2.

Конфликт түрлері және оларды реттеу тәсілдері.....	26
1. Жанжал түрлері.....	
2. Жанжалды шешу жолдары.....	26

### Тақырып 3.

Сотталғандар ортасындағы конфликттер мен топтық экцестер .....	43
1. Сотталғандардың ортасындағы жанжалдар және топтық экцестер .....	43
2. Жанжалдың әлеуметтік-психологиялық динамикасы, оны шешу және алдын алу .....	43

### Тақырып 4.

Құқық қорғау қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі конфликттер .....	53
1. Мемлекеттік күшітік құрылымдар қызметіндегі жанжалдар .....	53
2. ПО-ның бөлімшелерінде жанжалдардың пайда болу себептері.....	53
3. ПО қызметіндегі жанжалдар типологиясы.....	53

### Тақырып 5.

Суицид түсінігі және себептері .....	59
1. Суицид түсінігі және оның түрлері .....	59
2. Суицидтің себептері .....	59
3. Суицидтің алдын-алу.....	59

### Тақырып 6.

<b>Суицидтың даму динамикасы. Суицидалдық мінез-құлықтың ішкі және сыртқы формалары</b> .....	64
<i>1. Суицидалдық мінез-құлық факторларының талдауы</i> .....	64
<i>2. Суицидалдық мінез-құлықтың қалыптасу процесі және психикалық реакциялардың типологиясы</i> .....	64
<i>3. Суицидалдық мінез-құлықтың теориялары</i> .....	64

### Тақырып 7.

<b>Тұлғаның антисуицидалдық факторлары</b> .....	68
<i>1. Антисуицидалды факторлары және оның түсінігі</i> .....	68
<i>2. Профилактикалық жұмыс</i> .....	68

### Тақырып 8.

<b>Суицидқа жақын тұлғамен индивидуалдық жұмыс</b> .....	73
<i>1. Э. Дюркгейм өзін-өзі өлтіру шарттары</i> .....	73
<i>2. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде өзін-өзі өлтірудің себептері</i> .....	73

<b>ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	77
---	----

## КІРІСПЕ

Жанжал – қазіргі қоғамның әлеуметтік және саясаттық өмірінің маңызды құбылыстарының бірі болып саналады. Адамның қоғамдағы өмірі күрделі және жеке индивидтердің, сонымен қатар үлкен және кіші әлеуметтік топтардың қызығушылықтарының қақтығысынан жиі алып келетін карама-қайшылықтарға толы екендігі баршамызға анық.

Жанжал (лат.«conflictus») күштердің, пікірлердің, жақтардың қақтығысын білдіреді.

Адамзаттық өркениеттің тарихы түрлі кикілжіндерге толы. Кикілжіндердің біреулері оншақты мемлекеттермен халықтарды қамтыса, ал екіншілері үлкен және кіші әлеуметтік топтардың ортасында, үшіншілері жеке адамдар арасында өршіді. Ежелден-ақ адамдар туындаған карама-қайшылықтарды шешуге тырысып, кикілжінсіз бейбіт қоғам туралы армандады. Сол заманда туындаған заңдылықтарды кикілжіндердің алдын-алу және шешудің әмбебап механизмін құруға ұмтылысы ретінде қарастыруға болады. Қатыгез Хаммурапи (б.э.д. 1792-1750ж.ж.) патшаның көне заңдарында кикілжіндік жағдайларды шешудің оншақты тәсілдері жазылған. Аңыз бойынша патша Соломон (б.э.д. 965-928ж.ж.) кикілжіндерді шешу және кетіп қалу дағдысымен ақылдылығының арқасында әйгілі болған.

Ғасырлар бойы адамзаттың ұлы ойшылдары кикілжінсіз қоғамның теориялық үлгілерін құрып, кейде оны жүзеге асыруға тырысқан. Өкінішке орай, барлығы сәтсіздікпен аяқталып, бұл одан да қатыгез кикілжіндер тудыра бастады.

Кикілжіннен бөлек бүгінгі күнде өздеріңізге белгілі, қоғамда шешімін таппай келе жатқан проблемалар өте көп. СПИД ауруы, нашақорлық, ішімдік, шылым шегу- қоғамымыздың айықпас дертіне айналды, оны барлығымыз жақсы білеміз. Енді соңғы 4-5 жыл көлемінде тағы бір проблема туындады, қоғамға айықпас дерт болып жабысып, күн өткен сайын шешімі қиындап келеді. Ғылыми атауы “Суицид” адамның-өзіне-өзі қол жұмсауы.

## Тақырып 1. Конфликтологияның негізгі ұғымдары

1. Конфликтологияның негізгі ұғымдары
2. Дау-дамайдың құрылымы және дамуы

**Конфликт** – «(лат.тіл. conflictus- қақтығыс) – күрделі қайшылықтардың пайда болуы, қарама-қарсы қызығушылықтардың қақтығыстары, күшті эмоциялық күйлермен байланысты әр түрлі мәселерге бойынша өзара түсіністіктің болмауы.» [1]

«Кез-келген конфликтінің астарында қандай да бір мәселеге байланысты қарама-қарсы позициялардан, максаттардан тұратын ситуация жатады. Яғни конфликтілі ситуация конфликт субъектілері мен объектілердің міндетті түрде бар болуын талап етеді. Дегенмен де конфликт ары қарай даму үшін инцидент болу керек. Егер қарама-қарсы жақ тура солай жауап қайтарса, онда конфликт болашақта тікелей және жанама, деструктивті және конструктивті болып дамуы мүмкін.» [ 2]

«Конфликті анықтамасының бір варианты оның философиялық мағынасына негізделген, осыған сәйкес ол «қарама-қайшылықтардың асқынуының шарықтау шегі» деп сипатталады. Онда әлеуметтік конфликт «қызығушылықтарының, максаттарының, даму тенденцияларының қарама-қайшылықтарына немесе арасындағы айырмашылықтарына байланысты әр түрлі әлеуметтік бірліктердің – кластар, ұлттар, мемлекеттер, әлеуметтік топтар мен әлеуметтік институттардың қақтығыстарынан көрініс беретін әлеуметтік қайшылықтардың асқынуының шарықтау шегі». Әлеуметтік конфликті мәселесіне байланысты фундаментальді отандық монографияның авторы А.Г.Здравомыслов «конфликт – қоғамдағы адамдардың өзара әрекеттерінің маңызды жағы, әлеуметтік тұрмыстың клеткасы», - деп жазған. Бұл әлеуметтік іс-әрекеттің потенциалды және актуалды субъектілерінің арасындағы қатынастардың формасы, қарама-қайшы құндылықтар және нормалар, қызығушылықтар мен қажеттіліктерге негізделген мотивация. Осы пікірден келесідей сұрақ туындайды: бұл қарама –қай-

шылық объективті ме, немесе қатысушы жақтардың бағалауларынан туындаған субъективті болып табылады ма? Әлеуметтік конфликтіні зерттеуші, танымал, батыстық Р.Дарендорф оған «объективті («латентті») немесе субъективті («айқын») қарама-қайшылықтар арқылы сипаттауға болатын элементтер арасындаға кез келген қатынас» деген анықтама береді. Яғни, қарама-қайшылықтардың объективті-субъективтілігі, саналы-санасыздығы маңызды емес, дегенмен де «кез келген қатынас» деген түсініксіздеу.»[ 3]

«Психологиялық сөздік» конфликтіні «өткір эмоциялық уайымдармен байланысты, қиындықпен шешілетін қарама-қайшылық» деп анықтайды. Оның тұлғашылық, тұлғааралық және топаралық конфликтілер сияқты формалары бар. Психологиялық конфликтілерді анықтау ары қарай да біздің зейініміздің пәні болмақ, дегенмен де жоғарыда келтірілген пікірлер конфликтінің мазмұны туралы мәселеге жауап бермейді, керісінше, жаңа сұрақтар тудырады: «қиындықпен шешілетін» немесе «өткір уайымдар» дегендер нені білдіреді?» [4]

Қарама-қайшылықтарды шешудің өткір жолдары. Егер қарсы әрекеттер болып, негативті сезімдер болмаса, немесе керісінше негативті эмоциялар болып, қарсы әрекеттер болмаса, онда мұндай ситуациялар конфликтінің алды болып саналады.

«Кез келген конфликті құндылықтардың, мақсаттар мен мотивтердің қайшылықтарын көрсетеді. «Конфликтология» ұғымымен «конфликтолог» ұғымы тығыз байланысты. Конфликтілерді конфликтологтар басқарады.

Б.И.Хасанның айтуынша, мәдени-тарихи психологияның дәстүрінде конфликт маңызды орын алғанмен де зертеу пәні болып табылмайды. Осы терминнің мәдени-тарихи концепцияда пайдаланылуына байланысты үш негізді бөлуге болады.

**Конфликт диагностикалық және қалыптастырушы тәсіл ретінде** – конструктивті және продуктивті қызметті педагогикалық және психологиялық құрылым ретінде

қарастырады. Сонымен қатар конфликтінің оқуда жетістікке жетудегі қажеттігін көрсетеді.

*Конфликт диагностикалық ситуация ретінде* – осы контексте ол ерекшеліктер мен заңдылықтарды анықтауда психологияда қолданылатын термин ретінде емес, белгілі бір жетістіктерді тіркеп отыруға мүмкіндік беретін термин ретінде қолданылады.

*Конфликт үйрету - оқыту ситуацияларының негізі ретінде* – мұның позитивті мәні бала үшін оның өзінің мүмкіндіктерін ашып беруінде. Мінез-құлықтың қалыптасқан формасы «қажеттіліктер және мотивтер-нақты объект» байланысына сәйкестігін жоғалтқан кезде балаларда конфликт пайда болады»[5]

«Конфликт бір жағынан, жасқа байланысты қайшылықтар ретінде (Л.С.Выготский) көрсетілсе, екіншіден- үйренудегі шынайы қайшылықтар ретінде (Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин) көрінеді. Екі қайшылықтар да бала мінез-құлқының табиғи және мәдени формаларының қосындысындағы қозғаушы күш ретінде қарастырылады.» [6]

«Конфликтолог – конфликтіде делдалдық жұмысшеберлігін меңгерген, конфликтілі ситуацияны конструктивті басқара алатын шебер» [7]

«Конфликтінің түрлері. Авторлар конфликтінің негізгі үш түрін анықтауды ұсынады: тұлғашілік, әлеуметтік және зооконфликтілер. Әлеуметтік конфликтілердің негізгі түрлеріне: тұлғааралық конфликтілерді, кіші, орта және үлкен әлеуметтік топтар арасындағы конфликтілерді, мемлекет арасындағы ұлтаралық конфликтілерді жатқызады.»[8]

*Когнитивті сфера:* «Мен бейнесінің» қайшылығы; өзін-өзі бағалаудың төмендеуі; өз күйін психологиялық дағдарыс, шешім қабылдаудың кідірісі ретінде ұғыну; құндылықты таңдау мәселесінің болуын субъективті мойындау, субъект бұрынырақ басшылыққа алған мотивтер мен принциптердің шынайылығына күмәндану.

*Эмоционалдық 2сфера:* психоэмоционалдық күштену; бірқатар маңызды жағымсыз сезімдер.



**Мінез-құлықтық сфера:** іс-әрекеттің сапасы мен қарқындылығының төмендеуі; іс-әрекеттің төмендеуі; қарым-қатынастың жағымсыз эмоционалдық фоны.

**Интеграциялық көрсеткіштер:** бейімделудің қалыпты механизмінің бұзылуы; психологиялық стрестің күшеюі.»[9]

«Теориялық концепциялардың көпшілігінде тұлғашілік конфликтілердің бір немесе бірнеше түрлері келтірілген. Психоанализде тұлғаның қажеттіліктері арасындағы, сондай-ақ қажеттіліктер мен әлеуметтік нормалар арасындағы, конфликтілер басты орын алады. Интеракционизмде рөлдік конфликтілер талдауға түседі. Алайда шынайы өмірде көптеген басқа тұлғашілік конфликтілер кездеседі. Олардың бірыңғай типологиясын құру үшін бір негіз қажет, соған сәйкес әр түрлі ішкі конфликтілерді жүйеге біріктіруге болады. Тұлғаның құндылық-мотивациялық сферасы осындай негіз болып табылады. Адам психикасының осы маңызды сферасымен оның ішкі конфликтіге байланысты, өйткені дәл осы тұлғаның қоршаған дүниемен әр түрлі байланыстары мен қатынастарын көрсетеді

Осыған сүйене отырып, тұлғаның конфликтіге түсетін ішкі дүниесінің негізгі құрылымдары мыналар болып табылады деп айтуға болады

А. Әр түрлі деңгейдегі тұлға ұмтылыстарын көрсететін (қажеттіліктер, қызығушылықтар, мүдделер, тілектер, құштарлықтар және т.б.) мотивтер. Олар «қалаймын» («Мен қалаймын») ұғымынан байқалуы мүмкін.

Б. Қоғамдық нормаларды көрсететін және соның аркасында міндет эталоны ретінде болатын құндылықтар. Біз бұл жерде тұлғалық құндылықтарды, яғни ол қабылдаған, сондай-ақ, тұлға қабылдамайтын, бірақ олардың қоғамдық немесе басқа маңыздылығына қарай тұлға оларды орындауға міндетті мәжбүр болатын құндылықтарды айтып отырмыз. Сондықтан олар «қажет» («Мен тиіспін») ретінде белгіленеді.

В. Өзін өзі үшін өзіндік құндылық тұлғаның мүмкіндіктерін, сапаларын және басқа адамдар арасынан алатын орнын бағалау ретінде анықталатын өзін-өзі бағалау. Тұлғаның талаптану

деңгейлерінің көрінуі сияқты, өзін-өзі бағалау белсенділіктің, мінез-құлықтың өзінше бір түрткісі болады. «Істей аламын» немесе «істей алмаймын» («Я есть») ретінде көрінеді.»[ 10]

Тұлғаның ішкі жан дүниесінің қандай жақтары ішкі конфликтіге түсетіндігіне байланысты тұлғашілік конфликтінің алты негізгі түрлерін бөліп көрсетеді.

1. «Мотивациялық конфликт. Тұлғашілік конфликтінің жиі зерттелетін, оның ішінде психоаналитикалық бағытта көп зерттелетін түрлерінің бірі. Санасыз ұмтылыстар (Фрейд, 1903) арасындағы, менгеруге және қауіпсіздікке деген ұмтылыстар арасындағы (Хорни, 1943), екі жағымды тенденциялар – «Буриданова осла» классикалық дилемасы (Левин, 1939), немесе әр түрлі мотивтердің қақтығысуы ретіндегі (Кузьмин, Семенов, 1987) конфликтілерді бөліп көрсетеді.»[11]

2. «Адамгершілікті конфликт. Этикалық ілімдерде оны көбінесе *моральдық конфликт* деп атайды. (Бакистановский, 1972; 1983; Арницане, 1978; Федоркина, 1970). Ол әлеуметтік сферадағы немесе жеке индивидтің санасындағы адамгершілікті қайшылықтардың негізінде пайда болатын және айқын адамгершілікті компоненті бар бір-біріне қарсы жақтардың, пікірлердің, бағалаулардың, құндылық бағдарлардың қайшы келуімен және қарама-қарсы әрекеттесулерімен сипатталатын конфликт ретінде қарастырылды.»[12]

Тұлғашілік конфликтілердің негізгі түрлері:

1. «Жүзеге аспаған тілектер конфликтісі немесе кемшілікті сезіну комплексінің конфликтісі (Юрлов, 1995). Бұл тілектер мен оларды қанағаттандыруды бөгейтін шындық (ақиқат) арасындағы конфликт. Кейде оны «олар сияқты болғым келеді» (референттік топ) мен оны іске асырудың мүмкін еместігі арасындағы конфликт ретінде түсіндіреді. (Захарова, 1982) Конфликт тек шындық тілектерді жүзеге асыруды блакирует ғана емес, сондай – ақ, адамның оны жүзеге асыруға физикалық мүмкіндігінің жоқтығының нәтижесінде де пайда болуы мүмкін. Бұл өзінің сыртқы келбетіне, физикалық мәліметтерімен қабілеттеріне қанағаттанбаушылыққа байланысты пайда болатын конфликтілер. Аталмыш

түрге сексуалдық патология негізінде жатқан тұлғайшілік конфликтілер де жатады. (Кратохвил, 1991; Свядош, 1991; Харитонов, 1996)»[13]

2. «Рөлдік конфликт бір уақытта бірнеше рөлдерді іске асырудан мүмкін еместігімен байланысты, (рөлралық тұлғайшілік конфликт) сондай-ақ, тұлғаның бір рөлді атқаруға қойылатын талаптарды әр түрліше түсінуімен байланысты (ішкірөлдік- конфликт) сезімдерден айқындалады. Бұл түрге екі құндылық, стратегиялар немесе өмірдің мәні арасындағы тұлғайшілік конфликтілер жатады.» [14]

3. «Адаптациялық конфликт кең мағынада, яғни субъект пен қоршаған орта арасындағы тепе- теңдіктің бұзылуы негізінде пайда болатын қайшылық ретінде, ал тар мағынада - әлеуметтік немесе кәсіби бейімделу процесінің бұзылуы кезінде пайда болатын қайшылық ретінде түсініледі. Бұл шындық талаптарымен адамның мүмкіндіктері (кәсіби, физикалық, психологиялық) арасындағы конфликт (Сенокосов, 1989). Тұлға мүмкіндіктерінің орта немесе іс- әрекет талаптарына сәйкес келмеуі уақытша даяр болмау ретінде, сондай-ақ, қойылған талаптарды орындауға қабілетсіздік ретінде қарастырылуы мүмкін.»[15]

4. «Адекватты емес өзін - өзі бағалау конфликтісі. Тұлғаның өзін-өзі бағалау адекваттылығы оның сыншылдығына, өзіне талап қоюшылығына, табыстар мен сәтсіздіктерге деген қатынастарына тәуелді. Талаптанулар мен өз мүмкіндіктерін бағалау арасындағы айырмашылықтар адамда жоғары мазасыздану, эмоционалдық олқылықтардың және т.б. пайда болуына әкеп соқтырады (Петровский, Ярошевский, 1990). Адекватты емес өзін-өзі бағалау конфликтілерінің ішінен тым жоғары өзін-өзі бағалау мен өз мүмкіндіктерін шынайы бағалау ұмтылыстарының арасындағы (Юферова, 1975), өзін-өзі бағалаудың төмендігі мен адамның объективті жетістіктерін ұғыну арасындағы, сондай-ақ бір жағынан, максималды табысқа жету үшін талаптануды көтеруге, ал екінші жағынан, сәтсіздіктерге ұрынбау үшін талаптануды төмендетуге

ұмтылыстың арасындағы (Хекхаузен, 1986). Конфликтілерді бөліп көрсетеді». [16]

5. «Тұлғайшілік конфликтілер қоршаған орта, оның ішінде әлеуметтік орта тұлғасына ықпалын тигізбей пайда болмайтындығы баршаға мәлім. «Таза», тек қана ішкі әрекеттер себебіне байланысты пайда болатын тұлғайшілік конфликтілер жоқ.»[17]

Конфликт негізінде жатқан қайшылықтардың табиғатына сүйене отырып, оларды екі топқа бөлуге болады:

1. «Адамға қатысты сыртқы объективті қайшылықтардың ішкі әлемге өту нәтижесі ретінде пайда болатын тұлғайшілік конфликтілер (мотивациялық, адаптациялық, конфликтілер және т.б.)

2. Тұлғаның қоршаған ортаға қатынасын көрсететін, ішкі жан – дүниесінің (ішкі әлемінің) қайшылықтарынан пайда болатын тұлғайшілік конфликтілер (мотивациялық конфликтілер, адекватты емес өзін-өзі бағалау конфликтісі). Е.Донченко мен Т.Титаренко (1989) психологиялық қайшылықтар дамуының үш деңгейін бөліп көрсетеді:

- тұлғаның ішкі жан дүниесінің психологиялық тепе-тендігі;

- тепе-тендіктің бұзылуы, іс әрекеттің негізгі түрлерінің шиелінісуі, қиындауы, психологиялық дискомфортты жұмысқа проекциялау, қоршағандармен қарым-қатынас (тұлғайшілік конфликт);

- жоспар мен бағдарламаларды жүзеге асырудың мүмкін болмауы, «өмірдің үзілуі», қайшылық (өмірлік дағдарыс) жойылмайынша, өз өмірлік функцияларын атқарудың мүмкін еместігі.

Осы деңгейлердің әрбіреуінде қайшылықтарды шешу мүмкін болады. Бұл мүмкіндік адамның қалыпты өмір сүруіне не қажеттігіне, оның қандай мұқтаждықтарына орындалмау қауіпі төніп тұрғандығына байланысты былай болуы да мүмкін; яғни адам бүкіл өмірін қарапайым қажеттіліктерді қанағаттандыруға арнай отырып, ішіп-жедік, енді ұйықтауға болады: ұйықтадық, енді ішіп-жеуге болады сызбасы бойынша

өмір сүре отырып тұлғашілік- конфликтіге дейін жетпейді. Бірақ көбінесе қайшылық ары қарай дамиды, ішкі конфликтіге ұласады.»[18]

«*Тұлғашілік конфликтілердің салдарлары.* Тұлғашілік конфликтінің жағымды және жағымсыз салдарлары бар. Тұлғашілік конфликтілер конструктивті (продуктивті, оптимальді) және деструктивті (адамның тұлғалық құрылымдарын бұзушы).

Конструктивті болып дау-дамайға түсушілердің максимальды дамуымен және оны шешуге максимальды тұлғалық шығындардың жұмсалыуымен сипатталатын конфликт табылады. Конструктивті түрде жеңуге болатын тұлғашілік конфликт тұлғалық дамуды үйлестіру механизмдердерінің бірі болып табылады.

Бала дамуының ерте кезеңдерін талдай отырып, В.М.Афонькова (1974), Л.И.Божович (1981) ішкі конфликтілердің психикалық өмірді қиындататын оның қызмет көрсетудің жаңа деңгейлеріне өтуіне мүмкіндік беретіндігін атап көрсетеді.

Қолайлы тұлғашілік конфликт моральдық дамудың негізгі ретінде қарастырылады. Индивид ішкі тұлғалық қайшылықтар мен конфликтілерді шешу негізінде өзін тұлға ретінде ұғынады (Столин, 1983). Позитивті түрде шешілген конфликтілер мінезді, мінез-құлықтың тұрақтылығын, кездей –соқ жағдайларға тәуелсіздікті шындайды, тұлғаның тұрақты бағыттылығының қалыптасуына мүмкіндік береді. (В.С.Мерлин « психологиялық конфликтілер мінез-құлықтың жаңа қырларын қалыптастыруда және тұлғаны түпкілікті өзгертуде маңызды рөл атқарады (1964) деп санады.

Тұлғашілік конфликт өз кезегінде тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі дамытуына көмектесетін адекватты өзін-өзі бағалаудың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Деструктивті болып өмірлік дағдарыстарға ұласатын немесе невротикалық реакциялардың дамуына әкелетін тұлғаның ажырауын күшейтетін тұлғашілік конфликтілер табылады. Ұзаққа созылған тұлғашілік конфликт іс-әрекеттің

нәтижелігіне қауіп төндіреді (Куценко, 1990). Орыс философы А.Бердяевтің ойынша, «рефлексияшылдар мен сенімсіздер бұл өмірде белсенділік таныта алмайды, ол жауынгер де бола алмайды, – ол өзін әлсіздендіретін ажырауға толығымен берілген, ол өмірге ықпал ететін белсенді, шығармашылық күшке сенімсіз...Рефлексия, ажырау, сенімсіздік қажеттіліктер өмірінің көпжактылығына бейімделу деген сөз. Сенімсіздік күйі тәуелділік» «[19]

«Ұзаққа созылатын ішкі конфликтілер тұлғаның дамуын тежеуі мүмкін. Л.И.Божович, «... үнемі ішкі конфликтілерге топ болатын адам мінез- құлықтың тұрақсыздығымен, сенімсіздікпен, сапалы түрде қабылдаған мақсаттарға жетуге қабілетсіздікпен ерекшелінеді, яғни, ол адамда психологиялық түрде кемеліне келген тұлғаның сипаттамасына кіретін ерекшеліктер болмайды.»» [20]

Жиі болатын тұлғаішілік конфликтілер адамның өз күштеріне сенімділігін жоғалтуға, кемшілікті сезінудің тұрақты комплексінің қалыптасуына, ал кейде- өмірдің мағынасын жоғалтуға әкеп соқтыруы мүмкін.

Шиелініскен тұлғаішілік конфликтілер, әдеттегідей, жанұядағы, жұмыстағы тұлғааралық қатынастардың деструкциясына душар етеді. Олар тым жоғары агрессивтіліктің, мазасызданудың, қарым-қатынастағы ашушандылықтың себебі болуы мүмкін.

Тұлғаішілік конфликтінің невротикалық конфликтіге ұласуы проблемасына ерекше тоқталу қажет. Конфликтіге тән уайымдар тұлға қатынастарының жүйесінен басты орын алған жағдайда, аурулардың көзі болады. Адам конфликтіні патогенді күштену жойылатындай және қалыптасқан жағдайдан шығудың рационалды жолы табылатындай етіп өзгерте алмайды. Мұндай конфликт адам өмірінде жетекші орын алады, оған шешілмейтіндей болып көрінеді және ұзаққа созыла отырып, қайшылықтарды шиеленістіретін, тұрақсыздық пен әсерленгіштікті жоғарылатын, уайымдарды тереңдететін және бірдемені күйзеле бастан кешіретін, өнімділік пен өзін-өзі басқаруды төмендететін аффективті күштенуді туғызады.

«Әлеуметтік конфликт. Әлеуметтік конфликт дегеніміз – әлеуметтік өзара әрекеттесу процесінде пайда болатын, конфликт субъектілерінің қарама-қарсы әлеуметтерімен сипатталатын және олардың бір-біріне қатысты бастан өткеретін жағымсыз эмоцияларға ұштасатын мәнді қарама-қайшылықтарды шешудің анағұрлым шиелініскен тәсілі. Егер конфликт субъектілері қарама-қарсы әрекет жасап, бірақ бұл кезде бір-біріне жағымсыз эмоцияда болмаса, немесе керісінше жағымсыз эмоцияны бастан кешіріп, бірақ оларды сырттай көрсетпесе, бір-біріне қарсы әрекет етпесе, онда мұндай ситуациялар конфликт алдындағы болып табылады. (передконфликтными).

Әлеуметтік конфликтінің анықтамасынан байқағанымыздай, конфликтологияда осы құбылыстың психологиялық құрамдарына үлкен рөл беріледі. Бұл конфликтологияның ерекше саласы-конфликт психологиясын бөліп көрсету қажеттігін дәлелдейді. Оның зерттеу объектісі тұтас конфликт, ал пәні- олардың пайда болу даму және конструктивті аяқталуының психологиялық заңдылықтары мен механизмдері болып табылады

«Конфликт психологиясын қарастырылатын феноменнің үш түрі қызықтырады: тұлғашылық конфликтілер, әлеуметтік конфликтілер және зооконфликтілер.»[21]

«Конфликт психологияның орталық объектісі - әлеуметтік конфликтілер ал олардың ядросы – тұлғааралық конфликтілер болып табылады. Басқа әлеуметтік конфликтілермен салыстырғанда аса күрделі емес болып табылатын тұлғааралық конфликтілерді зерттеу конфликтілі өзара әрекеттесудің негізгі себептерін ашуы мүмкін. Психикада болып жатқан және адамның конфликтілі мінез-құлқын анықтайтын процестерді зерттемей әлеуметтік конфликтілердің мотивтерін ұғыну (қиындық туғызады) ауыр болады.»[22]

«Отандық психологияда әр түрлі конфликтіні зерттеуде белгілі бір теңсіздік қалыптасты. Еңбектердің 83 %-ке жуығы тұлғааралық конфликтілерді зерттеу болып келеді. Ішкі тұлғалық конфликтілерге 8%-ке жуық публикациялар арналған.

Шағын, орта және үлкен топтар арасындағы конфликтілердің, халықаралық конфликтілердің психологиялық сипаттамасы 3-4% еңбекте келтірілген. Сондай-ақ ресей психологтары адамзаттың әр түрлі іс-әрекет түрлеріндегі және қатынастар сфераларындағы конфликтілерді зерттейді:

-элеуметтік конфликтінің түрі; объектісі, еңбек қатынастары мен оларды қамтамасыз ету шарттары болып табылатын

-*еңбек конфликтілері* ( Н.В.Гришина, Т.М.Данькова, С.И.Ерина, А.А. Ершов, А.Г. Ковалев және т.б.)

-*ғылыми-зерттеу ұжымдарындағы конфликтілері* (А.Г. Аллахвердян, В.И. Антониюк, В.В.Бойко, М.А.Иванов, Г.А.Моченов)

-*құқық қорғау органдары қызметіндегі конфликтілер* (Б.Ф.Водолазский, В.В.Волков, М.Л.Гутерман, Л.Я.Драпкин, Е.В.Евменова)

-*әскери ұжымдардағы конфликтілер* (А.Я.Анцупов, Е.Г.Баранов, В.П. Галицкий, М.П.Крапивин, Ю.А.Канатаев, И.А.Ламанов, Ю.И.Мягков, В.В. Синеок, Н.Ф. Феденко, А.И. Шипилов)

-*спорттағы конфликтілер* (Г.Д.Бабушкин, А.С.Горбатенко, Н.В. Крогиус, В.Н. Петровский, Е.И. Рогов және т.б.)

-*сотталғандар арасындағы конфликтілер* (А.Д.Глоточкин, А.В. Дулов, В.Ф. Пирожков, А.Н.Сухов)

-*педагогикалық іс-әрекеттегі конфликтілер* (Б.С.Алишев, И.М.Вереникина, Э.И.Киршбаум, М.М.Рыбакова, Л.В.Симонова және т.б.)

-*жанұя –некелік қатынастардағы конфликтілер* (В. Владин, Д.Капустин, Г.А. Навайтис, А.И.Ташева, А.И.Ушатиков, С.Г.Шуман және т.б.)

Конфликтілер тұлға элеуметтенуінің әр түрлі кезеңдерінде зерттеледі :

-*Мектепке дейінгі шақта* (Б.П.Жизневский, Я.Л.Коломинский, А.А.Рояк, Т.И.Юфеорва және т.б.)

-*мектеп жасында* (В.М.Афонькова, Н.В.Жутикова, Л.С.Славина, М.М.Хвиль, Б.А.Шульгина, С.Г.Якобсон және т.б.)



- жасөспірімдік кезеңде (Т.В.Драгунова, И.А.Ламанов, Е.В.Первышева, С.Н.Хоружий және т.б.)

-жас студенттер топтарында (В.М.Басова, В.В.Новиков, А.И.Шкиль және т.б.)»[23]

Топаралық конфликт.

«Соңғы онжылдықта топаралық конфликтілер біздің қоғамдық өмірдің күнделікті құбылысына айналды. Көп жағдайда топаралық конфликтіліктің жандануының арқасында Ресейде конфликтология жылдам дами бастады. Әр түрлі субъектілер бәсекелестікке түсті: шағын және үлкен еңбек ұжымдары, этникалық топтар мен басқа да ірі бірлестіктер: әлеуметтік топтар мен таптар, діни бірлестіктер, партиялар мен бұқаралық қозғалыстар. Осындай конфликтілердің әртүрлігіне қарамастан, олар әдетте пайда болу мен дамудың бірыңғай механизмдеріне ие.

Топаралық конфликтілер мен өшпенділіктердің пайда болу механизмдерін зерттеуге психологтар үлкен үлес қосты. Әр түрлі психологиялық мектептердің (психоаналитикалық, необихевиористік, когнитивті, іс-әрекеттік) өкілдері топаралық конфликт механизмінің бірін оған үлкен мән бере отырып дәлелдеді. Сондықтан топаралық конфликтілердің пайда болу механизмдерін қарастыру кезінде келесі жағдайларды ескеру қажет.

1. Әр түрлі топаралық конфликтілерде олардың пайда болуының қандай да бір механизмі үстем болуы мүмкін (Агеев, 1990).

2. Топаралық механизмдер тұлғааралық өзара әрекеттесудің психологиялық механизмдеріне қарағанда анағұрлым кертартпа.

Топаралық конфликтілердің пайда болуының негізгі механизмдерінің ішінен топаралық өшпенділік; мүдделердің объективті конфликтісі; топ ішіндегі фаворитизм сияқтыларды бөліп көрсетеді.

Топаралық өшпенділік. Тұңғыш рет Г.Лебон (1896) мен У.Мак-Дугаллдың (1916) еңбектеріне сүйене отырып З.Фрейд (1925, 1930) сипаттады. З.Фрейд топтық кез-келген өзара

әрекеттесуінде топаралық өшпенділіктің универсалдылығы фактісін постулаттады. Ол осы өшпенділікті топтың топтың топталып, нығаюын қолданудың басты құралы ретінде түсіндіре отырып, оның функциясын анықтады. З.Фрейд «өзгелерге» деген дұшпандықтың қалыптасу көздерін анықтаған.

Аталмыш механизм өз дамуының жалғасын Д.Доллард (1939), Н.Миллер (1941) және Л.Берковитцтің еңбектерінен тапты. Мысалы, Л.Берковицтің «адамның агрессияның барлық «басқаларға», оған бұрынғы кезде, «әлеуметтік үйрену» процесінде фрустрациялаушы әсер тигізгендерге ұқсайтындарға тасымалдануынан құтыла алмайтындығын дәлелдеді (1972). Бұл жерде топаралық агрессиядан қашып құтыла алмаушылық қайтадан постулатталады.

«Фрустрация-агрессия» теориясын ұстанушылар адам фрустрациялаушы әсерді тікелей бастан кешірмей, тек оның пассивті куәгері болып табылған жағдайда агрессияның пайда болу мүмкіндігін көрсетті.»[24]

«Мүдделердің объективті конфликтісі. Аталмыш механизм Д.Кэмпбелл жасаған топтық конфликтінің реалистік теориясында анағұрлым толық сипатталған (1979). Бұл теорияның негізін төмендегі жағдайлар құрайды.

1. Әр түрлі топтар мүдделерінің конфликтісі топаралық конфликтіні туғызуы мүмкін.

2. Мүдделердің конфликтісі, сондай-ақ бұрынырақ орын алған топаралық конфликт топтың жекелеген мүшелерінің басқа топ тарапынан болатын қауіп -қатерді қабылдауына себепші болады.

3. Қауіп-қатер топтың жекелеген мүшелерінің қауіп-қатер көзіне өшпенділігін оятуға себепші болады.

4. Қауіп-қатер топ ішіндегі ынтымақтастыққа себепші болады.

5. Қауіп-қатер индивидтің өзіндік топ құрамында болушылығын анағұрлым толық ұғынуға себепші болады.

6. Қауіп-қатер топтық шекаралардың өткізбеушілігін, жасырындылығын арттырады.

7. Қауіп-қатер индивидтердің топтық нормалардан ауытқуын азайтады.

8. Қауіп-қатер жазалау шараларын және өз тобына берілушілікті бұзғандардың шеттетілу дәрежесін арттырады.

9. Қауіп-қатер топтық нормалардан ауытқыған топ мүшелерін жазалау қажеттілігіне әкеледі (шынайы қауіп-қатер догматизм мен этноцентризмді арттырады).

10. Топ мүшелерінің сыртқы топ тарапынан болатын қауіп-қатерді қате қабылдауы топ ішіндегі ынтымақтастықтың жоғары болуына және сыртқы топқа қатысты өшпенділікке себепші болады».[25]

«Топ ішіндегі фаворитизм. Бірқатар мамандар (К.Фергюссон, Х.Келли, 1964, Д.Рабби, М.Горвитц, 1969) топаралық конфликтілікті мүдделердің объективті конфликтісіз де, тек қана белгілі бір таным процестері арқылы да байқауға болатындығын көрсетті. Аталмыш феномен «топ ішіндегі фаворитизм» деген атауға ие болды. Оның мәні жеке топ мүшелерінің басқа топ мүшелерінен қарсы әсеріне жағдай туғызу тенденцияларымен сипатталады. Ол сырттай бақыланатын мінез-құлық ретінде, сондай-ақ, өзінің және басқа топ мүшелеріне қатысты пікірлердің, пайымдаулардың, бағалаулардың қалыптасуынан да көрінуі мүмкін. Бұл эффектілер қандай да бір критерийлер бойынша «өз жақындары» ретінде бағаланатын, және аталмыш критерийлер бойынша «бөтен» ретінде бағаланатын адамдар арасындағы «демаркациялық шекараны» анықтай отырып, әр әлеуметтік өзараәрекеттесудің әр түрлі деңгейлеріндегі әр түрлі ситуацияларда әрекет етуі мүмкін (В.Агеев, 1990).

Аталмыш механизм психологиялық болып табылады. Алайда топтар- таптық, этникалық, аймақтық, жастық және т.б. – арасындағы терең объективті қайшылықтар фонында топ ішіндегі фаворитизмнің жоғары дәрежесі деструктивті әлеуметтік салдарларға ұшыратады. Топтар арасындағы конфликтілер топ ішіндегі фаворритизм мен топаралық өшпенділікті күшейтеді.»[26]

«Ұлтаралық конфликт. Ұлтаралық конфликтілер әр түрлі этностар өкілдерінің арасында болады. Олардың себептері өте көп. Конфликтінің пайда болуы үшін үш фактор керек. Біріншісі ұлттық сана сезім деңгейімен байланысты. ол адекватты, төмен, жоғары болуы мүмкін. Екінші фактор – ұлттық тұрмыстың барлық жақтарына қысым келтіретін мәселелердің «критикалық» мөлшері. Үшінші фактор – жоғарыдағы екі факторды қолданатын политикалық күштер.

Ұлтаралық конфликтілерді түсіну үшін олардың факторларын қарастыру керек: этнопсихологиялық, әлеуметтік-экономикалық, саяси, әлеуметтік-мәдени.

Этнопсихологиялық фактор – материалдық және рухани мәдениеттің әдеттегі өмір салтын бұзу қаупін туындатады да этникалық бірліктер жағынан қарсыластық тударады.

Әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар – мәдениет пен діни нормалар немесе өркениеттік құрылымның өзгеріске ұшырауы қорғаныс реакцияларын тудырады.

Әлеуметтік- экономикалық фактор – оның мәні әр түрлі, ол белгілі бір роль ойнап, конфликтінің бір себебі бола алады, әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті, топтардың экономикалық қызығушылықтарын бейнелейді.

Саяси фактор – үлкен саяси билікке қол созатын жаңа саяси лидерлердің пайда болуынан туындаған этникалық қарсыласты көрсетеді.

Ұлтаралық конфликтілерді реттеу институттық және инструменталдық бағыттарды біріктіру негізінде шешіледі.» [27]

### «Конфликтідегі мінез-құлықтың 12 ережесі:

1. Егер серігің соншалық ашу-ызаға берілсе, оның ішкі сезім күштерін төмендетуге көмектесу керек. Өйтпейінше, онымен келісу өте қиын немесе мүмкін емес. Оның ашулы сәтінде өзінді сабырлы, сенімді ұста. Бірақ өзінді жоғары қойма. Егер адам ашуға қатты берілсе, ойы теріс пікірлер мен сезімдерге толады. Сондықтан, қалайда оның өз-өзіне келуі үшін әрекет ету керек.

2. Серігіңнен өзінің тілек, талабын сабырмен түсіндіруін талап ет.

3. Ашуды күтпеген әдістермен қайтар. Серігіңнен сенімді түрде басқа бір кеңестер сұра, бірақ бұл кеңестер оған маңызды болуы тиіс. Оған әр түрлі эзіл-қалжындар айт. Ең бастысы, сенің өтініштерің, еске түсірулерің, қалжындарың оның ашуын қайтаратындай болу керек.

4. Серігіңе қарсы баға берудің орнына өз сезімдеріңді айт. «Сен мені алдап тұрсың-ау?» дегеннің орнына «Мен өзімді алданғандай сезініп тұрмын».

5. Қиындық туғызған мәселе мен өзің қалаған соңғы шешімді мақұлдауын сұра. Шешілмеген мәселенің қалайда шешімін табу керек. Серігіңмен бірге қандай мәселені шешу керегін анықта, одан соң бірге күш салындар. Өзіңді сезімге, ашуға билетпе.

6. Серігіңе шешімін таппаған мәселелер жөніндегі ойын және одан шығудың жолдарын айтқызып көр. Бұл жағдайда кінәлі адамды іздеп, болмаса түсіндіріп әуре болмай, одан шығудың жолын ізде. Бір ғана нұсқамен тоқтап қалма. Ең соңында көңіліңдегі бірнеше пікірдің біреуіне тоқта. Алайда, серігіңмен келісуді есіңнен шығарма. Өйткені жетістікке, жеңіске бірге жетулерің керек.

7. Қандай жағдай болмасын серігіңе өз пікірін сақтауға мүмкіндік бер. Өзіңді еш уақытта өз қолыңнан шығарма, ашуға ашумен жауап беруге мүлде болмайды. Оның ар-намысына тиме. Тіпті сенімен амалсыздан келіскен жағдайдың өзінде сені еш уақытта кешірмейді. Сондықтан оның өзіне емес, іс-әрекетіне ғана жауап бер.

8. Оның талап-тілектері мен айтқандарының мағынасын дұрыс қабылда. «Сіз осыны айтқыңыз келді ме? Мен сізді дұрыс түсіндім бе?-деп жиі-жиі сұраңыз.» Бұл әдіс дұрыс түсінбей қалудан сақтандырады және оны ықпалмен тыңдап отырғаныңызды көрсетеді.

9. Өзіңді тең ұста. Өзіңді сенімді, сабырлы ұста. Ол серігіңді ашу-ызаға берілуден сақтап, екеуіңді де абыройсыз жағдайға қалдырмайды.

10. Кінәлі болсаң, кешірім сұрауға ұялма. Біріншіден, ашудың алдын аласың. Екіншіден, саған көзқарасы өзгереді. Өзіне сенімді, өзін жетілдірген адам ғана кешірім сұрай алады.

11. Қарама-қайшы ойлар шешімін тапқан соң, ол адаммен қарым-қатынасыңды сақтауға тырыс.

12. Серігіңе сыйластық сезімді көрсете отырып, түсініспеушіліктен болған арадағы жағдайға қиналатыныңды айт. Егер арадағы қарым-қатынасты дұрыс сақтасаң, оның сенімен алдағы уақытта да бірге жұмыс істейтіні даусыз.»[28]

### «Конфликтіні іштей басқару көп сатылы процессі»[29]

Қадам	Іс-әрекет мазмұны	Іске асыру тәсілдері (әдістері)
1	Конфликтінің пайда болу себептерін зерттеу.	Бақылау; іс-әрекет нәтижелерін талдау; әңгіме; құжаттырды зерттеу; биографиялық әдіс, яғни конфликтіге қатысушылардың биографиялық мәліметтерін зерттеу және т.б.
2	Қатысушылардың санын шектеу.	Шағын топтардың лидерлерімен жұмыс істеу; функционалдық міндеттерді қайта бөлу; мадақтау немесе жазалау және т.б.
3	Сарапшының көмегімен конфликтіге қосымша талдау жасау.	Сарапшылардың сұрақ алуы; медиаторда психологты қатыстыру; келіссөз процесі; (медиация) және т.б.
4	Шешім қабылдау.	Әкімшілік әдістері ; педагогикалық әдістер.

Сонымен, қорыта айтқанда, жалпы тұлғааралық қақтығыс дегеніміз – «Адамның ішкі сезім дүниесінің ұзақ созылған арпалысынан, күрестерінен пайда болатын тұрмыстық ортаның қайшылықтарын аңғартатын, шешімі әлі табылмаған тұлғаның уайым, ренжуі»[30]

«Адамдардың көзқарастары мен кейбір оқиғаларды қабылдаудағы және бағалаудағы айырмашылықтары даулы

жағдайдың туындауына әкеліп соқтырады. Егер сол кездегі жағдай ең болмаса қатысушы бір жақтың көздеген мақсатына жетуге кедергі келтіретін болса, конфликтілі жағдай туындайды. Кез-келген конфликтінің басталуына конфликтілі жағдай алғышарт болады, бірақ, барлық конфликтілі жағдай конфликтіге айнала бермейді.

Соныменшынайы өмірде жанжалдан қаша алмайтынымызға көнуге тура келеді. Олай болса, егер жанжалды оқиғаларды шешуге мүмкіндік болса, оның зиянкестігін мейлінше азайту керек. Ол үшін жанжалды және оны реттеу әдістерін зерттеу қажет. Онымен «конфликтология» ғылымы айналысады»[31]

Конфликтология - жанжалдың шығуын, дамуын және шешу жолдарын зерттейтін ғылым.

Жанжалдық жағдай – бір жағдайға байланысты белгілі бір мақсатқа жетуде әртүрлі амалдарды қолданудағы қарама-қайшылықты жағдай.

Жанжал - көңіл күйдің қатты мазасыздануынан қарама-қарсы екі жақтың өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін белсенді іс-әрекеті.

Жанжал объектісі-қарама -қарсы екі жанжалдасушы топтың таласы нақтырақ - зағтық (қор), әлеуметтік (билік) немесе рухани (көзқарас, қағида) құндылық.

Жанжал субъектісі- жан жалға қатысушылар, мүдделері тікелей байланыстылар.

Жанжалтану пәні -топтарды жанжалға әкелетін объективті бар немесе қиял арқылы туындаған мәселелер (қызметкерлер сыйысушылығы, біріншілік, билік мәселесі).

Жанжал жеке тұлғалардың қарым -қатынасы нәтижесінде туындайтын процесс. Сондықтан да ол адам өмір сүріп келе жатқан кезеңнен бірге келе жатыр.

Конфликт мәселесіне және конфликттік әрекеттестікке көп жұмыстар арналды: техникалық бағыттан бастап (апат ілімдері), әлеуметтік философияға дейін.

“Жанжал” (конфликт). Ағылшын социологы Э.Гидденс жанжал екі жақтан жұмылдырылған күрестің қайнар көзі, әдістері мен құралдары қандай екеніне тәуелсіз әрекет етуші

адамдар мен топтардың арасындағы шынайы күрес деп көрсетті.

Жанжалдар - адамдар арасындағы өзара қатынас және әлеуметтік байланыстың ең мәнді жағы, сондықтан кең мағынада олар әлеуметтік деп қарастырылады.

Ғалымдардың пікірінше, жанжал “қарама-қайшы бағытталған мақсаттардың, мүдделердің, пікір позицияларының, оппоненттер көзқарастарының немесе өзара әрекеттесу субъектілерінің қалқығыстары”<sup>2</sup> немесе әлеуметтік қауымдастықпен индивидтердің қарама-қайшы тенденциялары мен мүдделерінің артуымен сипатталатын адамдар қатынасы, әлеуметтік топтар, әлеуметтік институттар, қоғам жүйесіндегі қарама-қайшылықтардың дамуының жоғары сатысы [1].

**Дау-дамайдың әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы**

*Психологиялық тұрғыдан алғанда дау-дамай адамдардың санасындағы, қатынастарындағы жағымсыз сезімдермен қарама-қарсы бағыттардың тоғысуы.*

Дау-дамайлық қатынастар мен әрекеттердің негізінде бір-бірімен сәйкес емес, бір мезгілде жүзеге аса алмайтын қызығушылықтар, қажеттіліктер, құндылықтар жатады.

**Дау-дамайдың құрылымы және дамуы**

Дау-дамайдың психологиялық құрылымын екі ұғым: “дау-дамай жағдаяты” және “инцидент” арқылы түсінуге болады.

Дау-дамай жағдаяты – дау-дамайдың нақтылы негізі, екі жақтың қызығушылығы мен қажеттілігі арасындағы нақтылы қайшылық. Бұл әлі дау-дамайдың өзі емес, нақтылы болмыстағы қайшылықты ұзаққа дейін бірлескен әрекетке қатысушылар саналы түрде қабылдамай жүре береді.

Инцидент-дау-дамай жағдаятын саналы түрде түсіну.

Сызбада көрсетілгендей, әр дау-дамайдың нысанасы (даудың себебі болған нақтылы не идеалды зат) және жақтары (жеке адамдар не топтар) болады.

Дау-дамайға қатысушылардың ішкі және сыртқы позициясын ажырату керек. Сыртқы позиция-дау-дамайға қатысудың шынайы себебі, даулы іс-әрекетке кірісуге түрткі болған қызығушылықтар, құндылықтар, мотивтер. Сыртқы



және ішкі прозициялар біріне-бірі сәйкес болмауы да мүмкін. Көбінесе, ішкі себептерді адамның өзі де сезінбейді, олар адамның бейсанасында ұялайды. Алдын ала айтсақ, ішкі мотивтерді санамен сезу – дау-дамайды шешудің алғышарты.

Мысалы, ересектер мен жасөспірімдер арасындағы дау-дамайлар. Жеткіншектің агрессияның себебі –өзі саналы түрде түсінбесе де жеке тұлғасын бағалауды, өзіне құрметпен қарауды талап етуі.

Дау-дамайға қатысушылар үшін дау-дамайдың бар екендігі инцидент пайда болған кезде түсінікті болады. Сонымен, инцидент – өзара әрекетке қатысушылар өздерінің қызығушылықтары мен мақсаттары арасындағы объективті қайшылықты түсінген сәт.

Инциденттің ашық және жасырынды түрлері болады. Жасырынды инцидент қатысушылардың санасына жеткенімен олардың нақты қатынастары мен қимылдарында ешқандай көрініс таппайды. Ашық инцидент дегеніміз қатысушылардың бірқатар өзара ерегісі, жанжалдары.

Отбасыда, бастауыш мектепте балалар үлкендерге қарсы шыға алмағандықтан, іштей наразылыққа толып жүреді. Ашықтан ашық сезімдерін білдірмеген баланың ішкі күйзелістері оның денсаулығына, көңіл-күйіне, жетістіктеріне жаман әсер ететіні сөзсіз.

Дау-дамайдың даму сатылары:

- Ібірлескен іс-әрекетті бұзу,
- адами арақатынастарды жамандату,
- денсаулықты, көңілді төмендету,

Дау-дамайды жағымды құру қызметері:

- жеке тұлғаның, топтың, тұлғааралық қатынастардың дамуының, өзара әрекеттердің жаңа түріне, әдісіне өтудің қайнар көзі,

- топты іріткен факторлардан арылу, тұлға мен топты тоқыраудан құтқару, дамыту,

- қатысушылардың өзара түсінушілігін, денсаулығын арттыру.

Сонымен, дау-дамай жаман емес, оны реттей алмайтын адам жаман.

## Тақырып 2. Конфликт түрлері және оларды реттеу тәсілдері

1. *Жанжал түрлері.*
2. *Жанжалды шешу жолдары.*

Жанжалдың құрылымдық элементтері мен мәнін ғана қоймай, сонымен қатар оның түрлерін біліп ажырата білген жөн.

Қайшылықтың өткірлік деңгейі бойынша жанжалдар мынадай түрлерге бөлінуі мүмкін: наразылық, қайшылық, реніш, асыра сілтеу, қақтығыс, ұрыс, жанжал, өшпенділік, соғыс.

Мәселелік қызметтік ұстанымы бойынша жанжалдың келесідей түрлерін бөліп көрсетуге болады. Мысалы: басқарушылық, педагогикалық, өндірістік, экономикалық, саясаттық, шығармашылық және басқа.

Адамдардың қатысу деңгейі бойынша жанжалдың келесідей түрлері болуы мүмкін: тұлғашіндік, тұлғааралық, тұлға мен топ арасындағы, топаралық, ұжымаралық, партияаралық, мемлекет-аралық жанжалдар.

Жанжалдың бұл түрі біз берілген жоғарыда көрсетілген жанжалдың анықтамасына сәйкес келмейді. Алайда, оның элеуметті қызметтік салдары жанжалдың басқа түрлерінің салдарымен іспеттес. Ол әртүрлі қалыптарды қабылдай алады. Ең көп таралған қалыптың бірі-рөлдік жанжал. Онда бір адамға оның жұмыс нәтижесінің қандай болуы керектігіне қайшылық талап ұсынылады. Мысалы: бөлім бастығы қызметкердің барлық қызметтік уақытында жұмыс орнында отырғандығын және оның талабы бойынша қажетті ақпарат жеткізіп отырғандығын талап етеді. Кейін бастық қызметкердің барлық уақытта жұмыс орнында отырғанымен жедел ақпаратты жинаумен айналыспайтындығына наразылық білдіруі мүмкін.

Ал қызметкер нұсқауды үйлесімдік ретінде қабылдайды. Тұлғашіндік жанжал туындайды. Сондай жағдай туындайды егер де бөлімше басшысына оның тікелей бастығы аз уақыт

ішінде ашылған қылмыстың санын жоғарылат деген нұсқау берсе, ал басшы тексерудің сапасын жоғарылатуды талап етіп тұрып алса. Мұның бәрі-әрине мерзімге әсер ететіні белгілі.

Екі мысалда да бір адамға қайшылықты тапсырмалар беріліп, одан айырықша нәтижелерді талап етеді. Бірінші жағдайда қайшылықты талап етудің салдарынан жанжал туындайды. Екінші жағдайда жанжалдың туындауының себебі, біртұтас қолда бар ұстанымның бұзылуы.

Егер тұлғааралық жанжалда жағымсыз тенденциялар (өзара жеккөру, сенімсіздік, реніш және т.б.) болса және оппоненттер диалогқа бармаса, не бара алмаса, онда жанжалды реттестірудегі бірінші кезең ретінде тұлғааралық жанжалды реттейтін жанама әдістерін қолдану керек. Осы әдістерді қарастырып шығайық:

**1. «Сезімді шығару» әдісі.** Оппонентке ішінде жиналған барын айтып салуға мүмкіндік береді. Сол арқылы жанжал әсерінен туындаған эмоционалды-психологиялық қауырттылықты жеңілдетеді. Осыдан кейін адам жанжал жағдайын реттестіретін жолдарды іздестіруге дайын болады.

**2. «Жеке тұлғаға қатысты оң қатынас» әдісі.** Жанжалдасушы - оның айтқана дұрыс болсын, болмасын үнемі зардап шегуші болады. Оған өзіңіздің көңіліңізді білдіріңіз және оның жеке қасиеттеріне оң мінездеме беру керек. Мысалы, «Сіз білімді адамсыз және т.б.». Оған айтылған бағалауды ақтауға ұмтылып, оппонент жанжалдан шығу жолын іздеуге тырысады.

**3. «Авторитарлы үшіншінің» араласу әдісі.** Әдеттегіше тұлғааралық жанжалдағы адам оппоненттің оған жолданған оң сөздерді қабылдамайды. Мұндай істе тек сенімді білдіретін үшінші жақ қана көмекке келе алады. Осылайша жанжалдасушы оппонентте ол туралы жаман ойдың жоқтығын түсініп, білетін болады. Бұл факт ымыра іздеуге бастау болуы мүмкін.

**4. «Агрессияны сыртқа шығару» әдісі.** Ойын нысанында үшінші тұлғаның қатысуымен оппоненттерге ішінде жиналғанның бәрін айтып салуға мүмкіндік береді. Мұндай

жағдайда оппоненттер арасындағы ыза өшіп, жанжал шегіне жетпейді.

**5. «Оппонентті күштеп тыңдату» әдісі.** Оппоненттерге бір-бірін назар салып тыңдау шартын қояды. Сонымен қатар, әрқайсысы оппонентке жауап бере алдында оның соңғы сөйлемін дәл қайталап беру керек. Мұны істеу қыйын, өйткені жанжалдасушы тек өзін ғана естіп тұрады, әрі оппонентке шынымен болмаған сөздерді және ырғақты қосып тұрады.

**6. Ұстанымды ауыстыру.** Жанжалдасушыларға өзінің оппонентінің ұстанымымен кінә қоюға ұсыныс жасайды. Бұл әдіс оларға өздерінің жеке мақсаттарынан, қызығушылықтарынан, реніштерінен шығып, өзінің оппонентін түсінуге мүмкіндік береді.

**7. Дауласушылардың рухани шектерінің кеңеюі.** Бұл әдіс жанжалдасушыларды жанжалды субъективті қабылдау шегінен шығарып, жағдайды барлық мүмкін болатын салдарымен бірге толық көлемде көруге көмектеседі. Жанжалды шешу жолында оны шешуге дайын болу маңызды кезең болып табылады. Бұл кезеңде жағдайға, оппонентке, өз-өзіне байланысты қатынастарда өзгерістер басталады. Сондай-ақ, жанжал орнығуы ауысады.

**Дау-дамайды шешудің екі жолы бар:** инцидентті өшіру және дау-дамай жағдаятын тарату.

Инцидентті өшірудің бірнеше әдістері бар.

- Бір жақтың ұтысын қамтамасыз ету. Екінші жақ келіссе, бұл даудың аяқталғаны. Бірақ тіршілікте керісінше болуы әбден мүмкін, сондықтан мұндай шара уақытша болып, келесі инцидентте өрши түседі. Мысалы, вендетта-жанға жан, қанға -қан.

- Алдау арқылы, өтіріктің көмегімен дауды басу. сөйтіп, мәселені шешу үшін уақыт ұту. Дискотекадан қайтқан студент шешесінің неге үйге кеш келдің? – деген сұрағына сөгіс алмау үшін кітапханада болдым деп алдай салады.

**Дау-дамай жасаятын таратудың әдістері:**

-Қатысушыларды бір-бірінен кеңістікте екі жаққа толық ажырату.

Топаралық жанжалда қайшылықты жақ ретінде топтар (аз, орта немесе шағын топтар) шығады. Мұндай қайшылықтың негізінде қарама қарсы бағытталған топ мотивтерінің соқтығыстары жатады.

Топаралық жанжалды басқару процесінде кейбір ерекшеліктерді есепке алған жөн.

Біріншіден, топаралық жанжалдың мазмұны бойынша оның құрылымдық бөлшегінің ерекшелігін анықтау керек. Атап айтқанда, мұндай жанжалды талдау кезінде жанжалдық жағдай бейнесінің субъективтік мазмұнын есепке алу маңызды.

**Топаралық жанжалдың жанжалдық жағдайының әдеттегі субъективті мазмұнының мінездемесі үш құбылысқа сәйкес келеді:**

1) өзара қабылдаудың деиндивидуализациясы. Жанжалдасушы топ мүшелері бір-бірін біз-олар сызбасы бойынша қабылдайды.

2) қалыпсыз әлеуметтік, топтық салыстыру. Топтың ойда өз тобы жоғары бағаланады ал, қарсы топтың қасиеті төмендетіледі.

3) топтың атрибуциясы. Бұл жағдайда өз тобының ұстанымдық тәртібі және бөтен топтың зиян тәртібі ішкі себептер ретінде түсіндіріледі.

-Екіншіден, топаралық жанжалдардың ерекшеліктері олардың жіктелуінде айқындалады;

-үшіншіден, топаралық жанжалдар қалпымен де ерекшеленеді. Ондай қалыптар:

- жиналыстар, отырыстар, топ ереуілдері;
- көтерілістер;
- жетекшілердің кездесулері;
- пікір сайыс;
- сөйлесулер;

Конфликттер адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауында пайда болады, сондықтан олар адаммен бірге жасап келеді. Техникалық ғылымдардан бастап, әлеуметтік-философиялық ғылымдарда да конфликт зерттеу нысанасы болып келеді. Конфликттер сонау антикалық заманнан

бері Анаксимандр, Гераклит сияқты орта ғасырдағы Фома Аквинский, қайта өрлеу дәуіріндегі Т.Мора, э. Роттердамский, Ф.Рабле, Ф.Бэкон, жаңа ғасырда И.Кант, Г.Гегель сияқты ойшылдарды қызықтырды. Тіршілік үшін әрекет механизмін қоғамға енгізе отырып, Л.Гумплович Дарвиннің табиғи таңдау идеясын дамытты. Соның негізінде социалдарвинизмнің негізін қалаушы болды.

Ол Л.Гумплович әлеуметтік конфликттер табиғаты жайында келесі ойларын атап көрсетті:

- конфликттер тарихи дамудың бейнесі болып табылады;
- қоғамның билеушілер мен бағынушыларға бөлінуі мәңгілік құбылыс;
- конфликттер қоғамның бірлігіне жәрдемдеседі. Кең ауқымда бірлестіктердің пайда болуына әсер етеді.

неміс әлеуме танушысы Георг Зиммель ғылымға “конфликт социологиясы” терминін енгізген бірінші ғалым. Оның негізгі ойлары:

- топ ішіндегі келіспеушілік күшейген сайын, топ аралық конфликттер жиілеген сайын топ арасындағы шекараның жойылу мүмкіндігі бәсеңдейді;
- конфликттер шиеленіскен сайын, топ қақтығысы бәсеңдеген сайын, конфликтті топтың деспоттың орталыққа бағыну мүмкіндігі артады;
- конфликт шиеленісе түскен сайын, жанжалдасушы топтардың ішкі бірлігі арта түседі;
- конфликттер бәсеңдеген сайын, әлеуметтік бірлік функционалдық өзара бағынушылыққа бағытталған сайын конфликттің әлеуметтік бірілік үшін интегративті салдары болуы мүмкін;
- конфликттер жиілеген сайын және олар бәсеңдеген сайын бағынушы топтар мүшелері жауласудан арылып, олар өз тағдырларының қожасы екендіктерін сезініп, жүйе интеграциясын қолдайды.
- конфликттер жиілеп, бәсеңдеген сайын конфликттерді реттеу нормалары құрылуы мүмкін.
- әр түрлі дәрежеде билеуші топтар арасындағы конфликттер

бәсеңдеген сайын және уақыты ұзарған сайын, олар өздерінің билікке деген көзқарастарын өзгертуі мүмкін.

К.Маркс шиеленіскен кластық күрес жағдайында конфликттер ажырамас бөлігі болып табылады дейді.

XX ғасырда конфликт мәселесі социал-дарвинизм психоанализ, когнитивизм, математикалық модельдеу, ғылыми басқару, әкімшілік басқару, адамзат қарым-қатынасы шеңберінде ғана зерттеледі.

Конфликтология конфликттердің пайда болуын, дамуын, шешуін зерттейтін ғылым ретінде танылады. Конфликтология конфликттердің басталуы мен аяқталуы жайындағы кейбір бағыттарын қарастыратын көптеген теориялардан дамуын табады.

Конфликтологияның зерттеу нысанына конфликттің барлық түрі жатады, конфликтология құралын конфликтке әкеш соқтыратын топтың немесе тұлғаның әрекеті жатады.

Конфликттерді зерттей келе ғалымдар қоғам өмірінде конфликттер жағымды рөл атқарады деген шешімге келді. Қазіргі уақыттағы конфликт теориясының бастамасы бірқатар социолог ғалымдардың зерттеулері жасады. Солардың ішіндегі танымалы – Г.Зиммель, конфликттің функционалдық теориясының авторы XX ғасырдың 60 жылдар ортасында неміс оқымыстысы Р.Дарендорф, соңынан “қоғамның конфликттік моделі” атанған әлеуметтік конфликт теориясын айтып өтті. Конфликтті әлеуметтік қарым-қатынастың қалпы ретінде қарауды Л.Козер, К.Болдинг, Дж.Бернард және басқалар өз жұмыстарында жүргізді. Л.Козер жағымды-функционалдық конфликт теориясын ұсынды. В.В.Дружинин, Д.С.Конторов математикалық аппарат қолдану арқылы конфликттің бірыңғай теориясын құру әрекетін жасады.

Бүгінгі күнде конфликттерді зерттеу жан-жақты, әскери іс, философия, социология, психология, құқықтану, педагогика, математика, тарих сияқты ғылымдар жеттетіктерін пайдалана отырып жүргізіледі.

Бүгінгі таңда конфликтологияның дамуының бірнеше бағыттары қалыптасты: философиялық-әлеуметтік

(макродеңгейде конфликттердің даму тенденцияларын қамтитын), әлеуметтік-ұйымдық (ұйымдардағы, ұжымдардағы конфликттердің себептері мен дамуын зерттейтін) және жекетұлғалық – психологиялық (жеке тұлғаның мінезін және психофизикалық ерекшеліктерін зерттейтін).

Әлеуметтік-ұйымдастырушылық бағыт басқару әдістерімен тығыз байланысады: әрекетті басқару, ұйымдастырушылық әрекетті, персонал әрекетін басқару және т.б.

Конфликтология негізінен конфликт жағдайында іс-әрекеттің өзгеруін зерттегенмен, бұл бағыттардың ортақ белгісі болып қарастыру нысаны болып табылады. Конфликтология сипаттамасы оның жеке тұлға мен топтардың қатынастары жүйесіндегі қарама-қайшылықтардың қалыптасуы және даму себептеріне көп көңіл бөлуінде және оның конфликтке ұласуы, туындаған конфликттердің алдын-алу және шешу жолдарын зерттейді.

Адамдардың көзқарастарының әртүрлілігі, болған жағдайларға берер бағаларының және қабылдауларының сәйкессіздігіне дауға әкеліп соқтырады. Сонымен қатар белең алған жағдай қатысушылардың жеке басының ісіне қатысы болса және қарым-қатынасқа түсуші бір жақтың мақсатына жетуіне кедергі келтірер болса конфликті жағдаят туындайды.

Конфликттік жағдаят – бұл қажетті, бірақ конфликт туындауының міндетті емес шарты. Кейбір конфликттер бірден туындауы мүмкін, ешқандай конфликтті жағдайсыз, бұндай жағдайдың конфликтке ұласуы үшін сыртқы ықпал, итермелеу, инцидент керек.

Конфликтілі қарым-қатынасқа түскендердің қызығушылықтары қозғалған мүшелері конфликт субъектісі болып шығады. Конфликт субъектісі болып: жеке тұлғалар, топтар, бөлімшелер қатыса алады. Конфликт объектісі болып жанжалдасушы жақтардың әрқайсысы үшін қажетті нәрсе олардың қайшылықты әрекеттерін туғызады.

Конфликт деп - өздерінің мақсатын жүзеге асыруға бағытталған жанжалға қатысушы жақтардың белсенді әрекеттері деп аталады.



Туындау табиғатының, санының, сипатының әртүрлілігіне байланысты конфликт түрі өте көп. Конфликттерді топтастыру бірнеше факторларға қатысты жүргізіледі: оларды шешу әдісіне қарай (күштеп, ерікті), саласына қарай (саяси, әлеуметтік, экономикалық, ұймдастырушылық), әсер ету бағытына байланысты (тігінен, көлденеңінен), білдіру дәрежесіне қарай (ашық түрде, жұмбақ), қатысушы санына қарай (тұлғашілік, тұлғааралық, топаралық), конфликт объектісіне қарай (объектілі, объектісіз), қозғалған мәселесіне қарай.

Қарастырылған конфликттер жағымды және жағымсыз функциялар атқарады. Жағымды функциялар конфликтке қатысушылар үшін қанағай пайда беретіндігімен сипатталады. Конфликтінің жағымсыз жағы конфликтке қатысуда жұмсалған шығын мөлшері (эмоциялық, материалдық, уақыт шығыны т.б.) мен сипатталады.

Конфликттер белгілі бір аймақта, уақытта, субъектілердің қатысуымен өтеді. Оның аймақтық, уақыттық, субъектілік шегі болады.

Конфликттер екі немесе бірнеше жақтың қызығушылық қалпының бұзылуына келіп шығады. Осыған байланысты конфликттердің объективті және субъективті себептері анықталады. Конфликттердің объективті себептері қатысушылардың еркі мен қалауына қарамастан болады. Бірақ олар тұлғаға, топқа өз әрекеттерін жүзеге асыруға кедергі келтірер болса конфликтінің шынайы себебіне айналады.

Неміс социологы Г.Зиммель (1858-1918ж.ж) алғаш рет әлеуметтік кикілжіндерге ғылыми термин енгізді. Г.Зиммель айтуы бойынша, әлеуметтік өзара әрекеттестіктің тұрақты орналасуы, бедел, келісім, көну, ынтымақ шиеленісте ерекше орын алады, шиеленіс әлеуметтік интеграцияға мүмкіндік береді, әлеуметтік бейімділікке нақты сипаттама беріп, оларды ұймдастырудың нормалары мен қағидаларын бекітеді /7;41 б/.

Психологияда кикілжін жеке адамдардың өзара қарым-қатынасы негізінде, өзара әрекет процесі кезінде пайда болады. Кикілжін сөзі (латын тілінен «conflictus», «столкновение»,

«қақтығыс» «шиеленіс» «деген мағынаны білдіреді. Ол қарама-қарсы пікірлерді, қызығушылықтарды, талпыныстарды, ұрыс-керісті, дау-жанжалдарды білдіреді.

Классикалық батыс психологиясында шиеленіс түсінігінің бірнеше варианттарын құбылыс ретінде ұсынды, табиғатты интрапсихикалық процестер мен факторлар арқылы анықталады, құбылыс ретінде пайда болуы мен ерекшеліктері, ең алдымен жағдайлары анықталады

**2. Конфликтінің функциясы мен бағытталуы.** Конфликт жеке тұлғаның, әлеуметтік топ пен ұйымның өмірінде маңызды рөл атқарады. Конфликтте өзара түсіністік пен келісімнің бастамасы бар екенін, тіпті, ортағасыр мен Ежелгі дәуірдің ойшылдары байқаған.

Конфликтіге табиғатынан творчестволықпен қатар, қиратушы тенденциялар, бір уақытта мейірімділік пен жауыздық тән, оған қатысушыларға пайдасымен қатар зиянын да тигізуі мүмкін. Сондықтан да, конфликтінің функциясы позитивті және негативті бағытталуымен сипатталады.

Персоналды интеграциялау.

Позитивті жағы: топтар мен тұлғалар арасындағы шиеленісті бәсеңдету, индивидуалды қызығушылықтарды келісімге келтіру; формалды және формалды емес топтардың қарым-қатынасын нығайту, ортақ қызығушылықтарды тереңдету және бірқалыпқа келтіру.

Негативті жағы: коллективтің бірлігі мен ұйымшылдығының төмендеуі, топтар мен тұлғалар арасындағы қызығушылықтардың балансының бұзылуы, жұмысқа деген адалдығының жойылып, басқалардың есебінен өзінің мақсаттарына жетуге ұмтылу, эгоизмнің белең алуы, бассыздық пен анархия әкеліп соқтыру.

Әлеуметтік байланыстарды активизациялау.

Позитивті жағы: қызметкерлердің әрекет етуін мобильділік және қозғалмалылықпен қамтамасыз ету, мақсаттарға жетуде келісімділіктің үлесін ұлғайту.

Негативті жағы: ортақ істері бар адамдардың әрекет кезінде келісімге келмеуі, ортақ жетістікке деген қызығушылықтың

төмендеуі, ынтымақтастыққа жету жолында кедергілердің орнауы.

Әлеуметтік шиеленістер туралы сигнал беру.

Позитивті жағы: шешілмеген мәселелерді анықтау, еңбекті қорғау мен жағдай жасаудағы жетіспеушіліктерді анықтау, коллективтің қызығушылықтарын, құндылықтарын, қажеттіліктерін орындау.

Негативті жағы: администрацияның әрекеті арқылы көңілі толмаушылықтың қатты көрсетілуі, жекелеген лауымды тұлғалардың тарапынан теріс пайдалануға деген қарсылық көрсету, жұмысқа деген қанағатсыздықтың жоғарылауы.

Инновация, творчестволық инициативаға көмек көрсету.

Позитивті жағы: жұмысқа деген мотивация мен белсенділіктің артуы, квалификацияны жоғарылату, жаңа, оптималды шешімдер мен творчествоға демеу жасау.

Негативті жағы: әлеуметтік және жұмыс белсенділігіне жаңа кедергілердің пайда болуы, іскерлік ынта, энтузиазм және творчестволық инициативаны төмендету, альтернативті шешімдерден алшақтау.

Іскерлік қатынастарды трансформациялау.

Позитивті жағы: дені сау әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыру, өзара екіжақты келісімділік деңгейін арттыру.

Негативті жағы: моральды-психологиялық атмосфераның бұзылуы, партнерлік және іскерлік қарым-қатынасты қалпына келтіру процесінің қиындауы.

Ұйым және оның персоналы туралы ақпарат.

Позитивті жағы: ұйымдағы жұмыстардың қалай жүріп жатқандығы туралы жұмысшылардың толықтай ақпаратпен қамтамасыз етілуі, ортақ тілтабысу.

Негативті жағы: жақтырмаушылықтың күшеюі, бірге қызмет етуден кашақтау, пікір білдіру мен диалог құруға кедергінің болуы.

Қарсыласудың профилактикасы.

Позитивті жағы: екіжақты келісім арқылы қарама-қайшылықтарды реттеу, әлеуметтік-еңбектік қарым-қатынастарда конфронтацияның деңгейінің төмендеуі.

Негативті жағы: жеккөрушілік пен шиеленістің күшеюі, үлгі боларлық процедуралардан қашқақтау.

Шынына келетін болсақ, бағыты, пайдасы мен зиянына байланысты ерекшеленетін конфликтінің функцияларының көптүрлілігін дәлелдейтін фактілер өте көп.

Кез-келген конфликт позитивті(конструктивті) және негативті(деструктивті) функция атқарады. Теориялық тұрғыдан ажырату оңай болып көрінгенімен, практикада конфликтінің конструктивтілігі мен деструктивтілігінің шекарасын анықтау қиынға соғады.

Ол төменде келтірілген себептерге байланысты:

- конфликт нәтижесінің позитивті не негативті екендігіне жалпылама баға беру қиын;

- конфликтінің конструктивтілігі мен деструктивтілігі оның әр сатыларында өзгеріп отыруы мүмкін;

- конфликт қатысушы бір жаққа конструктивті, ал екінші жаққа негативті әсер етуі мүмкін;

- конфликтінің конструктивтілігі мен деструктивтілігін оның тікелей қатысушыларына қатысты немесе әлеуметтік ортаға қатысты қарастыруға болады.

Мысалы: бір фирманың маркетинг бөлімінде үлкен эмоционалды конфликтіге ұласқан ұрыс шықты. Ұжымдағы бір қызметкер басқа бір көпжылғы тәжірибесі бар, инженер-экономист маманын «шалағайшы кісі» деп атады. Бұлай атаған кезде ол, сол адамның жоғары жалақы алатындығына қарамастан, жұмыстан тыс қосымша пайда тауып және соның кесірінен өзіне тиесілі жұмыстың біраз бөлігін жұмыстастарына ығысытырып тастайтындығын айтқысы келген болатын. Сол бөлімнің басқа қызметкерлері оны қолдады да, фирманың басшылығына оның оппонентін басқа жұмысқа ауыстыруға тура келді.

Конфликт, әрине, негативті нәтижесіз болмады - тәжірибелі қызметкердің орнына тұрарлықтай жұмысшы табу керек болды. Бірақ, барлығы жақсы аяқталды. Себебі, бөлім қызметкерлері олардың ортақ қызығушылықтарын айтып жеткізген жұмысшыға ризашылық білдірді. Бұл олардың бірігіп жұмыс

істеуге деген ынталарын одан сайын арттырып, топпен жұмыс жасаудың қағидаларын сақтаудың маңыздылығын білдірді. Бұлай шынайы өмірде жиі болып тұрады.

Конфликтілерді басқару дегеніміз, тек қана оның ұйымдағы пайда болу кезін ғана анықтаумен шектелмей, қоғамдағы конфликтілік жағдайлардың деңгейін төмендету болып табылады, яғни, конфликтілі жағдайды болғызбау, алдын алу, объективті жағдайдағы қарама-қайшылық үлкен конфликтіге айналмауы үшін басқару құралдары арқылы әсер ету болып табылады. Басқару дегеніміз, ең алдымен мақсат қойып, сол мақсатқа жетуге басқа адамдарды көндіру болып табылады.

«Конфликтіні басқару - конфликтінің тікелей қатынасы бар әлеуметтік жүйенің дамуы немесе қирауы тұрғысынан оның динамикасына мақсатты түрде объективті заңдарға сәйкес әсер ету».

Конфликтіні басқарудың негізгі мақсаты деструктивті конфликттердің алдын алып, конструктивті конфликттерді адекватты түрде шешу.

Басқаруда ұйым басшысы принципиалды түрде басымдылыққа ие. Бұл басымдық конфликтіде оған шешім қабылдауда және стратегиялық тұрғыдан жетекшілік етуге мүмкіндік береді: мақсаттар қоюға құқық, оған жету жолдары мен тәсілдері, жетістікке жетуді қамтамасыз ету және нәтижені анализдеу.

Конфликтіні басқару күрделі процесс ретінде нақты әрекет түрлерін қажет етеді:

- конфликтінің басталуын алдын-алу және профилактикасын жүргізу;

- конфликті қатысушыларының әрекеттерінің негізінде диагностика жасау мен реттеу;

- конфликтінің белең алу бағытын болжау мен функционалды бағытталуына баға беру;

- конфликтіні шешу.

«Конфликтіні болжау - даму мүмкіндігі жоғары кезеңде конфликтінің себебін анықтауға бағытталған басқару субъектісінің маңызды әрекет түрі».

Конфликтіні болжаудың негізгі көздері ретінде адамдардың индивидуалды-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, араларындағы қарым-қатынас факторлары мен объективті және субъективті жағдайларын зерттеу нәтижелері есептеледі.

Мысалы, коллективте мұндай жағдайлар ретінде мынандай факторлар бола алады:

- әлеуметтік шиеленістің деңгейі;
- әлеуметтік-психологиялық климат;
- лидерлік және микротоптар;
- тағы да басқа әлеуметтік - психологиялық құбылыстар.

Болжаудағы маңызды орынды конфликтінің пайда болу себептерін тұрақты түрде жалпы немесе жартылай анализ жасау алады.

Конфликтінің алдын алу оны болжау нәтижелеріне негізделеді. Басталып келе жатқан жағымсыз конфликтінің себептері туралы ақпарат келісімен, оның ары қарай дамуына әсер ететін барлық факторларын белсенді түрде нейтрализациялау ісі басталады. Бұл конфликтінің басталуын алдын-алудың амалсыз формасы.

Конфликтіні реттеу - бұл конфликтіні әлсіретіп, шектеу арқылы оны шешу жолына қарай бағыттайтын басқару субъектісі әрекетінің ерекше түрі.

Конфликтіні шешу - конфликтінің аяқталуын қамтамасыз ететін басқару процессінің шешуші фазасы.

Конфликтінің шешілуі толық және толық емес аяқталған болуы мүмкін. Конфликтінің толық шешілуі үшін оның себебін, себепші нәрсенің және конфликтілі жағдайды шеттету қажет. Ал, толық емес шешімге конфликт себебі мен конфликтілі жағдайдың жартылай жойылуы жеткілікті. Конфликтіні басқарудың шынайы өмірдегі практикасында жағдайын, формаларын және оның шешу жолдарын ескеру қажет.

3.Әлеуметтік конфликті және түрлері. Әлеуметтік конфликт дегеніміз – әлеуметтік өзараәрекеттесу процесінде пайда болатын, конфликт субъектілерінің қарама-қарсы әлеуметтерімен сипатталатын және олардың бір-біріне қатысты

бастан өткеретін жағымсыз эмоцияларға ұштасатын мәнді қарама-қайшылықтарды шешудің анағұрлым шиелініскен тәсілі. Егер конфликт субъектілері қарама-қарсы әрекет жасап, бірақ бұл кезде бір-біріне жағымсыз эмоцияда болмаса, немесе керісінше жағымсыз эмоцияны бастан кешіріп, бірақ оларды сырттай көрсетпесе, бір-біріне қарсы әрекет етпесе, онда мұндай ситуациялар конфликт алдындағы болып табылады. (передконфликтными).

Әлеуметтік конфликтінің анықтамасынан байқағанымыздай, конфликтологияда осы құбылыстың психологиялық құрамдарына үлкен рөл беріледі. Бұл конфликтологияның ерекше саласы-конфликт психологиясын бөліп көрсету қажеттігін дәлелдейді. Оның зерттеу объектісі тұтас конфликт, ал пәні - олардың пайда болу даму және конструктивті аяқталуының психологиялық заңдылықтары мен механизмдері болып табылады.

Конфликт психологиясын қарастырылатын феноменнің үш түрі қызықтырады: тұлғаишілік конфликтілер, әлеуметтік конфликтілер және зооконфликтілер.

Конфликт психологияның орталық объектісі - әлеуметтік конфликтілер ал олардың ядросы – тұлғааралық конфликтілер болып табылады. Басқа әлеуметтік конфликтілермен салыстырғанда аса күрделі емес болып табылатын тұлғааралық конфликтілерді зерттеу конфликтілі өзара әрекеттесудің негізгі себептерін ашуы мүмкін. Психикада болып жатқан және адамның конфликтілі мінез-құлқын анықтайтын процестерді зерттемей әлеуметтік конфликтілердің мотивтерін ұғыну (қиындық туғызады) ауыр болады.

Отандық психологияда әр түрлі конфликтіні зерттеуде белгілі бір теңсіздік қалыптасты. Еңбектердің 83 %-ке жуығы тұлғааралық конфликтілерді зерттеу болып келеді. Ішкі тұлғалақ конфликтілерге 8%-ке жуық публикациялар арналған. Шағын, орта және үлкен топтар арасындағы конфликтілердің, халықаралық конфликтілердің психологиялық сипаттамасы 3-4% еңбекте келтірілген. Сондай-ақ ресей психологтары

адамзаттың әр түрлі іс-әрекет түрлеріндегі және қатынастар сфераларындағы конфликтілерді зерттейді:

- әлеуметтік конфликті;
- еңбек конфликтілері;
- ғылыми-зерттеу ұжымдарындағы конфликтілері;
- құқық қорғау органдары қызметіндегі конфликтілер;
- әскери ұжымдардағы конфликтілер -спорттағы конфликтілер;
- сотталғандар арасындағы конфликтілер;
- педагогикалық іс-әрекеттегі конфликтілер;
- жанұя –некелік қатынастардағы конфликтілер;
- Мектепке дейінгі шақта;
- мектеп жасында жасөспірімдік кезеңде;
- жас студенттер топтарында;

Қазіргі заманда кикілжіңдер - күнделікті өмірлік жағдайларға айналды. Мүмкін, ХХІ ғасыр адамзат алдына балама ұсынады: бұл ғасыр конфликттілік ғасыр болады немесе өркениет тарихында ең соңғы ғасыр болады. ХХ ғасырдағы кикілжіңдер адамдардың көптеп қырылуына негізгі себеп болды. А.Я.Анцупов, А.И.Шипилевтердің Кімнің пікірінше: «екі дүниежүзілік соғыс, екі жүзден аса ірі көлемдегі соғыс, терроризм, билік үшін қаруланған соғыс, өлтіру, өзін-өзі өлтіру, жеке адамдардың арасында қарсыластық пен келіспеушілік - бұл аталған кикілжіңдер ең кем дегенде 300 миллионға жуық адам өмірін жойды». Ішкі саясаттық күрес - көптеген мемлекеттердің дамуындағы шешуші фактор болып табылады. Отбасындағы және өзімен келісімге келу әрбір адамның бақытты өмірінің ең маңызды жағдайы болып табылады. Мұның бәрі әрбір адамның, ұйымның, мемлекеттің, қоғамның және бүкілдей адамзаттың өміріндегі кикілжіңдердің шешуші рөлін білдіреді. ХХ ғасырдың нәтижелері бойынша көптеген мемлекеттен құралған Кеңес Одағы кикілжіңдер адамдардан айырылудан басқа, материалды және моральды нәтижелер бойынша әлемдік көшбасшы (лидер) болып табылады.



Адамзаттық өркениеттің тарихы түрлі конфликттерге толы. Конфликттердің біреулері оншақты мемлекеттермен халықтарды қамтыса, ал екіншілері үлкен және кіші әлеуметтік топтардың ортасында, үшіншілері жеке адамдар арасында өршіді. Ежелден-ақ адамдар туындаған қарама-қайшылықтарды шешуге тырысып, кикілжіндер бейбіт қоғам туралы армандады. Сол заманда туындаған заңдылықтарды конфликттердің алдын-алу және шешудің әмбебап механизмін құруға ұмтылысы ретінде қарастыруға болады. Қатыгез Хаммурапи (б.э.д. 1792-1750ж.ж.) патшаның көне заңдарында конфликтілік жағдайларды шешудің оншақты тәсілдері жазылған. Аңыз бойынша патша Соломон (б.э.д. 965-928ж.ж.) кикілжінді шешу және кетіп қалу дағдысымен ақылдылығының арқасында әйгілі болған.

Конфликт мәселесін зерттеген көптеген ғалымдар кикілжіңнің туындап, оның даму деңгейіне, яғни барлық сатыдан өтуіне оның қатысушылары себепкер деген қорытындыға келіп отыр.

Жоғарыда атап өткендей, кикілжіңнің сипаттамасы, оларды басқару бәрінен бұрын оның қатысушыларының табиғат түсінумен де тығыз байланысты. Сондықтан да кикілжіңнің мән-жайын түсініп, себебін анықтауда және қорытындылауда адам мәселесіне, оның мінез-құлқы мен оған әсер ететін факторларға тоқталмай кету мүмкін емес. Олай болса, тұлғааралық кикілжіндер – бұл кикілжіңнің кең таралған түрі. Ұйымдарда ол түрлі көрініс табады. Көптеген басшылар конфликтінің себебі мінездің нашарлығынан туындайды деп есептейді. Бірақ, шын мәнінде көқарастары, мінездері, қылықтары бір-біріне қарама қайшы сипатта болатын адамдардың бір жерде бірлесе жұмыс істеуі мүмкін емес. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, бұндай конфликтілердің туындауына белгілі бір объективті факторлар әсер етеді. Соның бірі – шектелетін ресурстар үшін күрес. Әр адам шектелетін ресурс тек өзіме ғана аса қажет деп есептейді.

В.Н.Шаленконың айтуынша, әлеуметтік конфликтілердің астарынан мақсаты – қоғамдық мойындалу, өндіріс құралдарына, экономикалық позицияға, билікке және басқа да құндылықтарға жету, сонымен қатар шынайы немесе алдамшы қарсыласты бейтараптандыру немесе жою болып табылатын, индивидтер арасындағы күрестің кез-келген түрін түсінеміз. Осы орайда, жанжалды конфронтацияның басқа түрлерінен – қарама-қайшылықтар, бәсеке, жарыстан айыра білу маңызды.

### Тақырып 3.

#### Сотталғандар ортасындағы конфликттер мен топтық эксцесстер

*1. Сотталғандардың ортасындағы жанжалдар және топтық эксцесстер*

*2. Жанжалдың әлеуметтік-психологиялық динамикасы, оны шешу және алдын алу*

Сотталғандардың мінез-құлқының детерминациясында жанжалдың ролін З.А.Астемиров, В.А.Елеонский, А.Р.Радинов, А.Д. Стафонов және басқада ғалымдар өз жұмыстарында зерттеген. Заңдық психологияда жанжалды зерттеген ғалымдар: А.Д.Глоточкин, А.Г.Ковалев, В.Ф.Пирожков және тағыда басқа ғалымдар.

Сотталғандардың арасындағы жанжал қарама-қайшы көзқарастардың, пікірлердің, мүдделер мен ұмтылыстардың соқтығысуын айтады. Негізінен жанжал – бұл сотталған дербес тұлға немесе топтың жарқын психологиялық құбылысы (А.Н.Сухов, 1985).

Сотталғандар арасындағы жағжал бұл олардың арасындағы қарама-қайшылықтық жағдай жәнеде көбінесе психологиялық немесе физикалық зорлықпен шешілетін және қандайда бір мақсатқа бағытталған. Негізгі көздейтін мақсаттар: басты орынды алу, тоғышар пайда көру, тиым салынған затты иелену, қылмыстық дәстүрлер мен нормадан кеткен үшін кек алу жәнеде басқалар.

Сотталғандар арасындағы жанжалдын келесі түрлері болуы мүмкін:

- а) нақты
- б) жалғын (нақты емес себептен туады)
- в) иррационалды, бұл кезде жанжалдың себептерін кейбір сатыда жете түсіну емес.

Жанжал және топтық эксцесстер әртүрлі негіздері бойынша топтастыруға болады:

- жанжалдың негізінде жатқан қарама-қайшылықтың мазмұны бойынша (оң және теріс жанжалдар);

- жанжалда және топтық эксцесте қатысушылар мен жақтарына байланысты (тұлғаишілік, тұлғааралық және топтық жанжалдар);

- қатысушы санына;

- жанжал және топтық эксцестің пайда болғандағы қарым-қатынасқа (ресми және ресми емес, тігінен немесе көлденен);

- пайда болу сферасына (еңбектік, оқу, тұрмыстық, режимдік);

- көріну пішініне (ашық, жасырын);

- мақсатына жету үшін жанжалдаушының қолданылатын құралына байланысты (тоқтамға келу немесе тоқтамға келмеуіне).

Жанжал және топтық эксцестердің пайда болатын негізгі бес себеп болады. (И.В.Каретников, 1978; И.Б.Пономарев, 1985)

**Бірінші себеп** әкімшілік қызметінің түзеу мекемесінің өмір сүруіне дұрыс қарамауы, сонымен қатар сотталғандардың арасында түзеу мекемесінің қызметкерлері сотталғандардың өмір сүруі қиын болсын әртүрлі нәрселерді жасайтыны туралы пікірдің қалыптасуы. Осыдан, түзеу мекемесінің заңды талаптарына сотталғандар теріс қабылдайды және әкімшілікке қарсы топтық іс-қимылдар жасайды. Мысалы, сотталғандар топтасып өздеріне зақым келтіреді.

Жанжалдар мен топтық эксцестердің **екінші себебі** ол психологиялық көзқарастан туындайды. Бұл кезде активті дұрыс қоймау, отряд пен бригаданың дұрыс жинақтамау сонымен қатар құқықбұзушылық мінез-құлыққа төтеп қоялмауы.

Жанжалдар мен топтық эксцестердің **үшінші себебі** ол теріс әлеуметтік-психологиялық құбылыстардың болуы: ұры (түрмелік) субмәдениеті, стратификация, түрмелік дәстүр мен әдеп-ғұрып, криминогендік қарым- қатынас және тағыда басқа себептер.

**Төртінші себеп** сотталғандардың түзеу мекемесінде өз жазасын өтеуіне байланысты. Қылмыскерлердің ортасында

болу, сыртқы дүниеден оқшалау, ақпараттық кемістік, көпшілік, тұлғаралық қатынастағы қиыншылықтар және басқада себептерді жатқызуға болады. Сонымен қатар жыныстық, моральдық қол сұғу.

Жанжалдар мен топтық эксцесстердің **бесінші себебі** тұлғаның жеке – психологиялық ерекшеліктерін жатқызуға болады. Көптеген сотталғандардың мінез-құлықтың акцентуациялары, осыдан топтық эксцесстер мен топтық тәртіпсіздікке белсенді қатысуға алып соғады.

**Сотталғандар арасында жанжалдар пайда болу мүмкін:** сотталғандар ішінде топтар арасында (топтық жанжалдар), жеке сотталғандар арасында (тұлғаралық жанжалдар), әкімшілік және бөлек сотталған, топтар арасында. Жанжалдар көбінесе бақыланбайтын түзеу мекеменің тұрмыстық және өндірушілік аймақтарда пайда болады.

Сотталғандар арасындағы жанжал келесі түрде өрбиді: 1-ші кезен- жанжалдық ахуалдың пайда болуы; 2-ші кезен- жанжалдық тіке-тірес; 3-ші кезен- жанжалдан кейінгі жағдай. **Бірінші кезеңде** қатысушылардың санасына жанжалдық жағдайдың пайда болуының сезінуі. Осыған байланысты мақсатқа жету үшін қатысушы барлық күшін жұмсайды немесе қорғану тәсілін ойластырады.

**Екінші кезеңде жанжалдық жағдайда қатысушы өзіне тән стратегия таңдайды.** Стратегияның үш түрі болуы мүмкін:

1) жанжалдық жағдай екенін түсініп екі жақтың біреуі қарым-қатынас жүйесінен шығады;

2) екі жақтың біреуі (екеуіде) жанжалдың шешу жолы ретінде келіссөзге көшеді немесе екі жақта тоқтамға келеді;

3) жанжалдық тіке-тірес, бұл кезде әр жақ өзіне ұтымды жақтарын іздестіре бастайды және осы сәтті пайдаланып максимум алады.

**Жанжалдық қарым-қатынаста екі жақ әртүрлі қралдарды пайдаланады (А.Н.Сухов, 1978):**

- қыр көрсету (бұл кезде бір жақ екінші жақтан өзінің пайдасын көбірек алатының тұралы хабарлайды)

- күту (көбінесе екінші жақ туралы ақпарат жинау үшін қолданылады);

- тәуекел (тәуекелге бар күтпеген жерден нәтиже алу үшін қолданылады);

- мәжбүр ету (екінші жақты уақыт тамшылығына байланысты қате шешім қабылдауға мәжбүрлеу);

- жалған хабар тарату (қарсы жаққа жалған бар беру, өзінің бос жерлерін жасыру және т.б.).

**Жанжалға қатысушылар** - негізінен өз кінәларын мойындамайтын өздерін заңсыз сотталған деп есептейтін сотталғандар. (В.Елеонский, Ю.Лукин, 1973).

Ранг бойынша сотталғандардың арасында жанжалда өздерінің талаптарын ұстанады: қорлау немесе тіл тигізу, балағаттау, жалған өсек тарату, келекелеу, бір бірімен сойлесуден бас тарту және басқада әдістерді. Жанжалдық жағдай сотталғандардың белсенді тұғыр ретінде жолдастары, беделді сотталғандар, кіші ресми емес топтар және олардың басшылары алады.

**Жанжалды шешу жолдарына жатады:** жанжалдасушылармен әңгмелесу, қоздырушыға санкция қолдану, кіріспеу.

**Жанжалдық және топтық эксцесс жағдайды шешу үшін және алдын алу үшін түзеу мекеменің қызметкерінің рөлі ораса зор. Олар іс-әрекеттері болуы мүмкін:**

- күту (бұл кезде қызметкерлер жанжал жедел-режимдік жағдайға әсер);

- енжар (пассивный) (қызметкерлер жауапкершіліктен қашады тек қана жанжал болған кезде ғана хабарлайды);

- авторитарлық (қызметкерлер жанжалдық жағдай болған кезде жазалау әдісін ғана қолданып шешеді);

- қайшы (отрицательный) (өздерінің әрекеттерімен қызметкерлер жанжалды өршиді);

- рационалды (қызметкерлер жанжалды шешу үшін қандай он іс әрекеттер жасайды).

Сотталғандардың сот тағайындаған жаза түрін өтеудің тәртібі мен жағдайлары, өздерінің құқықтары мен міндеттері

туралы ақпарат алуға құқығы бар. Ал мемлекеттік органдары лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-баптың 3-тармағына сәйкес әр тұлғаны оның құқықтары мен мүдделері жөнінде құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен таныстыруды қамтамасыз етуге міндетті. ҚР ҚАК-нің 10, 11-баптарында жазаларды атқару (өтеу) үрдісінде сотталғандардың құқықтары бекітілген.

Сотталғандардың сот тағайындаған жаза түрін өтеудің тәртібі мен жағдайлары, өздерінің құқықтары мен міндеттері ақпарат алуға құқығы бар.

Сотталғандар жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне, жазаны атқарушы мекемелер мен органдардан жоғары тұрған басқару органдарына, сондай-ақ сотқа, прокуратура органдарына, мемлекеттік өкімет органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға құқылы.

Сотталғандар түсініктеме беруге және хат алысуға, сондай-ақ ана тілінде немесе өзі білетін кез келген басқа тілде ұсыныстар, өтініштер жасауға немесе шағымдануға, қажет болған жағдайларда аудармашының қызметін пайдалануға құқылы.

Сотталғандар адвокаттардың және де осындай көмек беруге уәкілетті басқа адамдардың заң көмегін пайдалануға құқылы.

Сотталғандардың әлеуметтік қамтамасыз етілуіне, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетақы алуға құқығы бар.

Сотталғандар денсаулығын сақтау үшін қажетті медициналық-санитарлық қамтамасыздандыру құқығын пайдаланылады.

Мемлекеттік органдарды және жергілікті өзін өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар. Бұл құқық соттың үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдарға ғана берілмейді.

Жазасын өтеген және сотталуына байланысты атқарып жүрген қызметінен бостатылған адамдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еңбекке және тұрмыстық жағынан орналасуға әлеуметтік көмектің басқа түрлерін алуға құқығы бар.

Жазасын өтеп жүрген адамдардың жазаны атқару мекемелерінің қызметкерлері тарапынан сыпайылық көру құқығы бар.

Қамауға немесе бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктердің өз мемлекеттерінің дипломатиялық және консулдық мекемелерімен байланыс жасауға құқығы бар. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдердің азаматтары олардың мүдделерін қорғауды өз мойнына алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен немесе оларды қорғаумен айналысатын халықаралық ұйымдармен байланыс жасауға құқығы бар.

Дін ұстану және ар-ұждан бостандығына құқығы бар, бірақ діни ғұрыптарды орындау сотпен белгіленген жазаны атқару мен өтеудегі бекітілген тәртіпке және басқа тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтірілмеуі тиіс.

Сотталғандардың және басқа адамдардың тарапынан сотталушының жеке басына қарсы қылмыс жасау қаупі туындаған кезде ол қамау немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқарушы мекеменің кез келген лауазымды адамына өзін мұндай қатер жоқ қауіпсіз орынға ауыстыру туралы өтініш жасауға құқылы.

Сотталғандардың және басқа адамдардың тарапынан сотталушының жеке басына қарсы қылмыс жасау қаупі туындаған кезде мекеме бастығы мынадай шешім қабылдайтын болады:

а) оның қауіпсіздігін сақтау үшін қауіпсіз орынға, яғни жеке бөлмеге, камераға ауыстырылуы туралы;

б) сотталғанның қауіпсіздігін қорғау жөніндегі басқа шаралар туралы (сотталғандар арасындағы жан-жалдарды шешу, қауіпті қылмыскерді жауапқа тарту т.с.с.);

в) сотталғанды басқа түзеу мекемесіне ауыстыру туралы.



Мекеме немесе органның бастығы қауіпті сотталғанды (сотталғандарды) басқа мекемеге ауыстыру туралы шешім қабылдайды. Сонымен қатар сотталғандардың ұлттық тіл мен мәдениетін пайдалануға және өзі қалаған тілде сөйлеуге, гигиена мен қауіпсіздік талаптарына сай келетін еңбек шарттарына, азаматтық және отбысылық құқық қатынастарына субъект болуға, тегін орта білім алуға құқықтары бар.

ҚАК-нің 10-баптың 10-тармағында сотталған шет елдердің азаматтары дипломат өкілдерімен және консул мекемелерімен байланыс жасау құқықтары бар. Консул өкілдерімен, дипломаттарымен, сондай-ақ халықаралық органдарымен түрлі байланыс жасалынады. Ол ұсыныстарды, өтініштер мен арыздарды жіберу, хат алмасу, телефон байланысы және консул өкілдерімен кездесу. Бұл кездесулердің мақсаты сотталғанға құқықтық көмек көрсету, сондықтан тұтқынға алған кезден бастап олармен кездесуді ұйымдастыру (ҚАК-нің 64-баптың 2-тармағы, 84-баптың 4-тармағы).

ҚАК-нің 9-бабында сотталғандардың нақты мынадай негізгі міндеттері көрсетілген: қылмыстық-атқару кодексімен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен және үкіммен белгіленген құқықтық шектеулерден туындайтын талаптарды сақтауға, жазаны атқарушы мекемелер мен органдар әкімшіліктерінің заңды талаптарын орындауға міндетті.

Жоғарыда айтылғандармен қатар сотталғандар қоғамда қалыптасқан тәртіп нормаларын, санитария және гигиена талаптарын сақтауға міндетті. Сол сияқты, қылмыстық жазаны атқарушы мекеме мен органдардың қызметшілер құрамына, мекемеге қалушы тұлғаларға және басқа да сотталғандарға сыпайылық көрсетіп және жазаларды орындаушы мекеме мен органдар әкімшіліктерінің шақыруларына уақытында келуге міндетті. Сот үкімінің орындалуына байланысты міндеттерін атқармағаны үшін сотталғандар қылмыстық, әкімшілік және материалдық жауапкершілікке тартылады.

4.3 Сотталғандардың ұсыныстарын, өтініштерін және арыздарын қарау тәртібі

Қылмыстық-атқару кодексі, басқа заңнамалық актілері сотталғандардың ұсыныстарын, өтініштерін, арыздарын беру

тәртібін және нысандарын қарастырады. Сотталғандардың арыздары ауызша немесе жазбаша түрде беріледі (10-баптың 2-тармағы). Бас бостандығынан айырылғандар түзеу мекемесіндегі ішкі тәртіптемесінің ережелерінің 16-тарауына сәйкес ұсыныстарын, өтініштерін немесе арыздарын өз атынан беруге ғана құқылы. Сотталған адамға ұсыныстарын, өтініштерін немесе арыздарын топ атынан немесе басқа тұлғалардың атынан беруге рұқсат етілмейді. Сотталғандар ұсыныстарына, өтініштеріне, арыздарына қол қоюлары тиіс.

Айыппұл жазасымен жазаланғандар, тиісті лауазымдарға тағайындалу құқығынан айырылғандар, тиісті қызметпен айналысуға шек қойылған сотталғандар, арнайы, әскери және атақтарынан айырылғандар, дипломат, біліктіліктерінен айырылғандар өз ұсыныстарын, өтініштерін, арыздарын барлық азаматтарға бірдей тәртіпте беруге құқылы. Егерде олар мекеме әкімшілігіне жіберілсе олар тіркеліп, тиісінше шешім қабылданатын болады. Қаралған өтініштердің қорытындысы бойынша қабылданған шешім сотталғанға хабарланады.

Сотталғандар ҚАК 10-бабының 2-тармағына сәйкес жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне, жазаны атқарушы мекемелер мен органдардан жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, мемлекеттік өкімет органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға құқылы. Осы белгіленген органдарға жіберілген сотталғанның ұсыныстары, өтініштері, арыздары мекеме, орган әкімшілігі арқылы жіберіледі.

Сотталғандардың осы құқықтарын жүзеге асыру үшін ішкі тәртіп ережесіне сәйкес сотталғандардың ұсыныстары, өтініштері мен арыздары күн сайын ауызша және жазбаша түрде қабылданады. Ауызша берілген ұсыныстар, өтініштер мен арыздар арнайы журналға жазылып, олар туралы шешім қабылдану үшін жауапты лауазымдық тұлғаға баяндалады. Жазбаша түрде және әкімшілікке ұсынылған ұсыныстар,

өтініштер мен арыздар арнайы журналдарға тіркеліп, мекеме басшысына беріледі. Мекеме басшысы бұл мәселені шешу шараларын қолданады.

Бас бостандығынан айырылған сотталғандардан түскен ұсыныстар, өтініштер мен арыздар және басқа да хаттар тексеруге жатады (ТМК-нің 91-бабын қара). Бірақ ережеден тыс жағдайлар да орын алуы мүмкін. Мысалы, түзеу мекемелері мен органдарының қызметтеріне қадағалау және бақылау жасайтын органдарға жіберілген ұсыныстар, өтініштер мен арыздар тексерілмей бір тәулік ішінде жіберіледі (демалыс және мерекелік күндерден басқа). Бұл себептен жіберілетін ұсыныстар, өтініштер мен арыздар сотталғандардан жабылған күйінде алынады және ашылмауы тиіс.

Ескеретін тағы бір жағдай, қадағалау және бақылау құқығы жоқ мемлекеттік үкімет, қоғамдық бірлестіктеріне, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларға жіберілген ұсыныстар, өтініштер мен арыздар тексеріледі сонан соң ғана жіберілетін болады.

Егер де ұсыныстар, өтініштер мен арыздарда айтылған мәселелер сол жерде шешілуге жататын болса, сотталғанның келісімімен оның ұсыныстары, өтініштері мен арыздары аталғандардың ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес ешқайда жіберілмейді. Осы жағдайда мекеме, орган әкімшілігі сотталғандардың ұсыныстарын, өтініштерін және арыздарын шешу үшін белгілі бір шаралар қолданады.

Егер әкімшілік, лауазымды тұлға бұл мәселелерді шеше алмайтын болса немесе сотталғанның талабы бойынша олар ұсынылған органға жіберіледі.

Ескеретін тағы бір жай егер ұсыныстарда, өтініштер мен арыздарда қылмыстың жасалуына бағытталған мағлұматтар шифрмен немесе құпия ретінде жазылған болса, олар ешқайда жіберілмей сотталғанның жеке ісінде тіркеледі. Сотталғандардың ұсыныстарында, өтініштер мен арыздарында әкімшіліктің іс әрекеттері және олардың шешімдері тоқтатылмайды. Бірақ прокурорға жіберілген әкімшіліктің заңсыз шешімдері қаралып, заңсыз қабылданған бұйрық немесе қаулы немесе өкімнің шешімі тоқтатылатын

болады. Осындай жағдайларда лауазымды тұлғалар наразылық білдірілген актінің іс әрекеті тоқтатады.

ҚАК 10-бабының 5-тарауына сәйкес органдар мен лауазымды тұлғалар сотталғандардың ұсыныстарын, өтініштері мен арыздарын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде қарауына және сотталғандарға қабылданған шешімдер жөнінде ескертуге міндетті.

Сонымен, сотталғандардың құқықтарының және заңды мүдделерінің бұзылғаны жөнінде ұсыныстарын, өтініштері мен арыздарын белгілі бір мекемелер мен органдарға жіберуге мүмкіндіктері бар. Сотталғандар олардың субъективті құқықтарының және заңды мүдделерінің бұзылғаны жөнінде ұсыныстарын, өтініштері мен арыздарын кез келген мемлекеттік органдарына және жергілікті органдарына жіберіп сол туралы заң негізінде белгілі бір шешім қабылданып ол шешім сотталғанға хабарландырылады.

Сотталғандардың жазаның өтелуі жөніндегі мәселеге жатпайтын ұсыныстарын, өтініштері мен арыздарын тиісті органға жіберіледі. Бұндай ұсыныстар түскен күннен бастап бір ай ішінде қаралады, ал тексеруді талап етпейтін ұсыныстар кешіктірілмей, яғни 15 күннен асырмай қаралады.

Студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған сұрақтар

1. Сотталғандардың құқықтық мәртбесінің түсінігі.
2. Сотталғандардың құқықтарын шектеу.
3. Пенитенциарлық мекемеде жазаны өтеу кезіндегі сотталғандардың құқықтық жағдайы.
4. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың қылмыстық-атқару құқығы нормаларында бекітілген құқықтары және міндеттері.
5. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың құқықтық мәртебесін жүзеге асыруды қамтамасыз ету кепілдігі.
6. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың ұсыныстарын, арыздарын және шағымдарын қарау тәртібі.
7. Бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктердің және азаматтардың, азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық жағдайының ерекшеліктері.

#### Тақырып 4. Құқық қорғау қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі конфликттер

1. Мемлекеттік күштік құрылымдар қызметіндегі жанжалдар

2. ІІО-ның бөлімшелерінде жанжалдардың пайда болу себептері

3. ІІО қызметіндегі жанжалдар типологиясы

Дау-дамайлар мәселесі шетелдік, отандық зерттеушілердің: Р.Дарендорф, А.Н.Леонтьев, В.С.Мерлин, А.И.Анциферова, Жан Пиаже, А.В.Петровский, Л.Козер, А.Я.Анциупов, В.Конюх-Синица, Э.Шкиль, Т.Полозова, А.И. Шипилов., Е.Бабосов., Л.Ахметова., С.Сүлейменова, Ұ.Ауталипова т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Көптеген зерттеушілердің жасаған қорытындыларының негізінде дау-дамайларға төмендегідей анықтама беруге болады:

А.Г.Здравомыслов: Дау-дамай - бұл қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасының маңызды жақтарының бірі, әлеуметтік тұрмыстың бөлшегі.

Ю.Г.Запрудский: Әлеуметтік дау-дамай - жаңа әлеуметтік бірлікке негізделген тарихи қозғалыстың жаңа формасы.

А.В.Дмитриев: Әлеуметтік дау-дамай - қарама-қайшы жақтардың белгілі территорияны басып алуда, жеке тұлғалар мен топтарға күш көрсетуде қарсы тұрудың бір түрі.

Жалпылама анықтама беретін болсақ, дау-дамайлар - бұл түрлі деңгейдегі қарама-қайшылықтарды шешудің күшті әдісі.

Жанжалды жағдайлар ІІО ның қызметкерлерінің қызметінде жиі кездесіп тұрады. Сонымен қоса мұндағы жанжалдар күрделі және түрлі болып келеді. Зорлық және адамға қарсы зорлық-зомбылық, бұзақылық, қарақшылық, кісі өлтіру, билік өкіліне қарсылық көрсету және т.б. - мұның бәрі полиция қызметкерлерінің айналысатын жанжалдардың мысалдары.

Мемлекет жанжал тудырушы факторы ретінде, рас маңызды беделін салады қазіргі қоғамдағы жағдайға. әлеуметтік-экономикалық ақау Қатерлі бейненің зерттеулері қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсер етті.

Бар әлеуметтік саяси жағдайда құқық қорғау органдары қызметкерлеріне ерекше шарттарда жиі әрекет етуге мәжбүр болады, сонымен қоса барлық отандастарымен бірге, экономикалық құлдыраудың материалдық және моральдық салдарын басынан кешіру, рұхани адамгершілік жүйенің бұзылуын.

Құқық қорғау органдарының қызметінің өзіне тән мінездік сипаты әлеуметтік психологиялық кернеудің жоғарылауын а себеп болады. Ол өз тарапынан жеке құрам ның ортасында жанжалдардың көпте көрсетілуіне әкеледі.

Қазіргі уақытта бірқатар авторлардың қабылдайтын нақты шараларды құру бойынша заң конфликтология саласы болып табылатын қақтығыстар саясат саласында, ұлтаралық қақтығыстар, әлеуметтік және еңбек қақтығыстар, қылмыстық қақтығыс және т. б. Бір мезгілде оның талдау пәні болып конституциялық және парламенттік рәсімдер сұрақтары, азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізілуі, төрелік процесс сұрақтары болуы тиіс.

Полиция қызметкерлері түрлі өз сипатамаларындағы жанжал жағдайларына қатысуға мәжбүр, олардың бастысы жұмысшылардың кәсіби қызметінің саласына қарай бөлінуі мүмкін:

- қылмыстарды ашуға бағытталған іс-әрекеттерімен;
- алдын алу жұмысын өткізу үрдісімен.

Жанжал жағдайлары қылмысты ашу қызметінде жиі үлкен эмоционалды шиелініспен сипаталады, айтарлықтай уақыт ұзақтығымен, қақтығыс нәтижесінің ықтимал салдарымен, заңға қатаң сәйкес болу қажеттілігімен.

Осы сипаттамаларға сәйкес бұл жағдайлар, әдетте, өте ұзақ уақытқа созылатын және стресстік ортада пайда болатын алдын алу іс-шараларын жүзеге асыру кезінде туындайтын қақтығыстық жағдайлардан ерекшеленеді. Белгіленген

айырмашылықтар жанжалда өзара әрекеттесудің нысаны мен процесіне белгілі бір әсер ететін факторлар ретінде әрекет етеді.

ПО бөлімшелерінде жанжалдың пайда болу себептерінің негізгі төрт тобы бар:

### ***1. Жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктер***

Бұл себеп ПО қызметінің ерекшелігімен байланысты. Олар келесі:

- жұмыстың бір ырғақты болмауы ;
- жауапкершіліктің жоғары дәрежесі;
- тұрақты түрде жүктеменің тым көп болуы;
- құзыреттілік пен функционалдық міндеттердің белгісіздігінде;
- қызметкерлерді моральдық және материалдық ынталандырудың шығындары.

### ***2. Басқарудың жетілмегендігі***

Басқарудың жетілмегендігі көрсетіледі:

- басшылардың тарапынан әкімшіліктің шамадан тыс болуы;
- адамдарды біліктілігіне және психологиялық ерекшеліктеріне сай орналастыра алмауы .

### ***3. Ұжымдағы қарым қатынас***

Тұлғааралық қарым қатынаспен байланысты және жанжалды тудыратын себептер

- ілгері жүрген және арта қалған қызметкерлерінің арасында;
- жасы үлкен және жас қызметкерлердің арасында;
- адамдардың психологиялық сәйкес келмеуі;
- тәрбиеліліктің жеткіліксіздігі;
- қызметкердің өзінің функционалдық міндеттеріне дайындығының әлсіздігі ;
- қарым қатынастағы психологиялық және эмоционалдық кедергі .

### ***4. Басшының тұлғалық ерекшеліктері***

ПО жанжал жағдайының себептердің ерекше тобы бөлімшелерінің басшысымен байланысты :

- оның қызметтік стилімен ;
- оның мінезінің ерекше сипатымен;
- нақты жағдайда іс әрекет жасау қабілетімен;
- оның кәсібілігінің деңгейімен.

**Кең ауқымды себептер ІІО басшыларының жеке психологиялық ерекшеліктерінің туындамасы:**

Оларға мыналар жатады:

- өзіне деген сенімсіздік, жауапкершілік «қысымының» салдарынан өзінің жай күйін реттеуіне психологиялық дайын болмауы

- қол астындағы адамдарға сенімсіздік;
- жалпы қанағаттанарлықсыз жұмыс көрсеткіштері кезінде жеке оң нәтижелерін болмауы немесе көре білмеуі ;
- жаңа жұмыс ұжымында бұрынғы ұжымның әдеттерін сыни қарамай қолдану ;
- сол ұжымда лауазымның өсуіне байланысты мінез құлықтың желісін анықтау қиыншылықтары.

**ІІО басшысының жұмыс істеу стилінен және тұлға ерекшеліктерінен туындайтын жанжалдардың негізгі себептері:**

1. Басшының адамдармен жұмыс істеу тәжірибесінің жетіспеушілігі.

2. Басшының жедел-іздістіру мәселелерін шешудегі тәжірибенің жеткіліксіздігі.

3. Тәрбиенің кемшіліктері:

- дөрекілік;
- арысздық;

4. Мінез сипаты:

- тұрақсыздық, қол астындағы адамдармен қарым қатынаста дөрекілікке әкелетін;
- басшылықтың тым артықшылығы;
- икемділіктің жетіспеушілігі.

5. Басқару стилінің ұйымның дайындығының деңгейімен сәйкес келмеуі.

Өзінің әлеуметтік нәтижесі бойынша ІІО қызметкерлерінің қызметінде жанжалдар оң және теріс бағыта болуы мүмкін.



### *ПО қызметінде жанжалдардың теріс салдары*

#### **Ұйымдастырушылық салдары:**

- басқарудың тиімділігінің төмендеуі;
- ұйым ішінде бөлімшелер арасындағы үйкеліс;
- қызметкерлер арасындағы психологиялық

дистанциясының ұлғайту;

- белсенді немесе пассивті қарсылық және мұнда күдіктілік;

- ПО ұжымының ыдырауы.

#### **Психологиялық салдары:**

- ашуланы сезімі;
- қорлау сезімі;
- стресс;
- депрессия күйі;

### *ПО қызметінде жанжалдардың оң салдары*

#### **Ұйымдастырушылық салдары:**

- қоғамды демократияландыру принциптерінің бұзылуы анықталады;

- әлеуметтік әділеттілік принциптерінің бұзылуы анықталады;

- жұмыстағы жасырын қиындықтарды анықтау;
- жұмыстағы жасырын қорларды ашу;
- жекелеген қызметкерлер үшін жоғалтылған кәсіби

білімдер мен дағдыларды анықтау.

Нәтижесінде ПО ұжымы келуі мүмкін:

- ортақ мақсаттар туралы хабардар болу;
- басқару әдістерін жетілдіру;
- қызметкерлердің кәсіби даярлауын жетілдіру;
- бұрын шешілмеген мәселелерге оралу;
- жаңа мәселелерді көтеру;
- оларды шешу әдістері бойынша сындарлы ойлардың

пайда болуы.

### **3. ПО қызметіндегі жанжалдар типологиясы**

ПО-да жанжалдарды типтерге бөлу үшін әр түрлі өлшемдерді анықтауға болады. Бірінші тақырыпты қарастырған кезде қарастырған барлық типологияларды ПО

қызметіндегі жанжалдарды жіктеу үшін толығымен қолдануға болады. Алайда, біздің жағдайда, жанжалдардың жіктелуінің негізгі ерекшеліктерін қолдану ұсынылады.

Біз оларға жатқызамыз:

- объект;
- көздері;
- ұзақтығы;
- функциялары;
- басқару нысаны;
- қарсыластардың қарым-қатынас құрылымы;
- салдары және т.б.

Дау-дамайлық жағдайлардың алдын-алу, оны басқара білу, ұжымдағы психологиялық ахуалдың сақталуы үшін түрлі әрекеттер қолданылады:

- қарама-қайшылықтық жағдайлардан шыға білу, қақтығысулардың алдын алу;
- қарсы жақтағыларды ортақ келісімге келуге икемдеу;
- толеранттылық;
- ынтымақтастық;
- келісімге, мәмілеге келу (компромисс)
- дау-дамайлық жағдайды тиімді шешудің жолдарын қарастыру;
- «оқытушы-білімгер» қатынасын сақтау.

Осы әрекеттерден ауытқушылық болған жағдайда дау-дамай мәселесі туындайды.

## Тақырып 5. Суицид түсінігі және себептері

1. Суицид түсінігі және оның түрлері
2. Суицидтің себептері
3. Суицидтің алдын-алу

«Суицид» терминін бірінші рет итальян психологы 1947 жылы қолданды, яғни бұл - «өз өмірін қиюға ниеті бар мінез-құлық» дегенді білдіреді. Демек, бұл - күрделі, әдейі жасалатын мінез-құлықты акт, бұл әрекет әлеуметтік, психологиялық, психофизиологиялық факторлармен үндеседі, негізгі детерминанты тұлғаның әлеуметтік-психологиялық дезадаптациясы, өмірлік жағдайлардың жағымсыз сипатта өтуі болып табылады. Ал бұл жағдайға душар болған адам аталған мәселелерді ешқашан шешілмейді деп ойлайды.

Ал нақтылайтын болсақ, суицидтар 3 топқа бөлінеді: шынайы, жасырын, демонстративті. Биологтар мен дәрігерлер өзіне-өзі қол салу себептерін денсаулықтың нашарлауы мен биологиялық факторлардан көрсе, психиатрлар психологиялық дағдарысты көңіл күй, жақын адамын жоғалту, жауапсыз махаббат, көңілдің қалуы және басқа себептерден іздейді. Ал оның негізгі себебі өте тереңде. Мысалы, әлеуметтік экономикалық дағдарыс, кедейлікке және банкротқа ұшырау, окшауланып, жалғыз қалу факторлары да әсер етеді. Зерттеулер бойынша жастар арасындағы суицидтің астарында «жауапсыз махаббат» бар. Бірақ бұл әрекеттің орын алуында басқа да себептер тұр, яғни әлеуметтік-психологиялық дезадаптация, жеке тұлғаның қажеттіліктері мен құндылықтары қанағаттандырылмайды.

Суицидке тән сипаттама

- Жан күйзелісіне шыдай алмау*
- Ешкімнің оны түсінбеуі*
- Жеке басының дағдарысы*
- Жағдайдан шығудың жолын іздеу*
- Жалғыздық*

*Үмітсіздікке бой*

*Алдыру*

### Суицидтің негізгі себептері

Психологиялық

Әлеуметтік

### Психологиялық

*Адамның, сыртқы ортаның әсеріне бағыныштылығы*

*Бұрынғы адамдарда күйгелектік мінез-құлық аз, шымыр*

*Қазіргі адамдар күйгелек, шыдамсыз*

*Өкпелегіш*

*Депрессияға берлігіш*

Суицид проблемасы қоғамда әртүрлі уақыттарда қайталанып отырады. Оның орын алуына микроәлеуметтік дау-дамайлар (отбасындағы, мектеп пен жұмыстағы жағдайлар) көп әсер етеді.

Рас, статистикалық деректер өте қорқынышты. Ең қиыны сол, жеке адам өз-өзіне қол жұмсауға талпыныс жасады, бірақ өлімнен аман қалды. Бұл ата-ана мен бала үшін үлкен проблема болып қала береді. Жалпы, ата-ана ең алдымен баланың бойындағы өзгерістерді байқап отыруы қажет. Мына нәрсені елеп-ескерген жөн: қатерлі індетке ұмтылыс жасаған азаматта суицидке дейінгі дайындық сатысы байқалады. Алдымен оның пресуицид - адаптациялық қабілеттері төмендейді, үлгерімі нашарлайды, қызығушылық деңгейлері бәсеңдейді, көңіл күйі орнықсыз болады. Осындай әрі-сәрі жағдайда жүргенде суицидиалды ойлар пайда болады, бала ашуланшақ болады, оған әртүрлі конфликт қатты әсер етеді, күйзелісте болып, бала өзін қоғамның толыққанды мүшесі сезінбейді.

Отбасындағы жанжал мен орынсыз дау-дамайлар бала психикасына әсер етеді, жанұядағы түсініспеушілік баланың бойында орнықсыз эмоциялық жайттарды тудырады. Суицидиалды әрекет әлеуметтік жағдайы жоғары отбасында да

кездеседі. Негізінен, жеткіншектер қай жағынан болсын әлсіз сипатта болады, олардың бойында әлеуметтік маргинализм кездеседі. Өйткені олар әлі есейіп үлгерген жоқ, жасөспірімдер немесе жеткіншектер көп жағдайды терең түсіне алмай, күйзелісті жағдайға барады. Олардың бойында құндылықтар жүйесі әлсіз болады да, антисуицидальды факторлар іске қосылмайды. Тәрбиедегі жағымсыз әрекеттер әлсіз қарсылықты күшейтеді де, ата-ана тарапынан болатын әртүрлі жазалар баланың көңіл күйінде эмоциялық орнықсыздықты тудырады, олар содан келіп өмірлік қиындықтарды көтере алмайды.

Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол салуына толық емес отбасындағы жағдайлар да ықпал етеді. Өгей әке немесе өгей шешенің де мінез-құлқын бала іштей қабылдай алмайды. Суицидальды іс-әрекетке сонымен қатар бала күнінде алған ми жарақаттарының әсері бар (физиологиялық факторлар). Дисгармониялық дамуы бар балаларда көркем әдебиеттегі оқиғалар мен өмірдегі шынайылықты қабылдауда алшақтық болады.

Біз бұл орайда жеткіншектердің өзіндік психологиялық ерекшеліктеріне барынша назар аударуымыз керек. Олардың бойында ұялшақтық пен агрессиялы мінез-құлық, жастық максимализм, шектен тыс мазасыздану, шамасы келмесе де «өзім білеміндікке» ұмтылу тән болып келеді.

#### ***Суицидтің алдын-алу***

- Баланың көңіл-күйі тоқырау себебін анықтау
- Жан дүниесіне үңіліп, түсінуге тырысу
- Отбасы жағдайының, жолдас-жорасын,
- жақын туыстарын зерттеу
- Баланы жазғыруға, жазалауға асықпай
- онымен ашық сөйлесу

Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерге барудың негізгі психологиялық факторлары: көңіл-күйдің төмендігі, жақын адамның өлімі, жанұядағы келеңсіз жағдайлар (түсініспеушілік, қызғаныш, алдану, т.б.), бопсалау, әлімжеттік жасау, қорқыту, қаражатқа байланысты қиыншылықтар, бақытсыз махаббат,

сексуалдық сәтсіздік т.б. Осы жағдайларды басынан кешкен жандар өз-өзіне қол жұмсап, сәл қиындық кездесе кейбір жастарымыз шыны сияқты шытырлап сынып қалуға, ажалды еш үрікпей күтіп алуға әзір тұрады. Жүйкесі жұқарған ұрпақтың қатерлерге қарсы тұра алмайтыны мәлім. Бүгінгі таңдағы өте салмақты мәселеге айналған осынау дертті әркім әрқалай қабылдап, өз алдына топшылайды. Бірі - заманның өзгеруі десе, екіншілері - әлеуметтік жағдайдың қиындығынан, не болмаса, денсаулықтың салдарынан деп таниды.

Адамның өмірден баз кешіп, өзіне қол салуға баруының негізгі себебі психикасының бұзылуынан деп жатады. Суицидтің белең алуына қарап, жалпы қоғам психикасының әлсірегенін сезуге болатындай. Бізде ақыл-ойы, жүйкесі зақымданған адамдар ғана өз-өзін өлтіреді деген қате түсінік қалыптасып қалған. Ал шындығына келсек, суицид оқиғасы психикасы бұзылып, ойлау жүйесі сыр берген жандардың арасында емес, керісінше дені сау адамдар арасында көптеп кездеседі. Қоғамда кең айтылатын пікірге сүйенсек, психикасы сау адамдар өмірден түңіліп, қиыншылықтарға душар болғанда осындай қадамға барады. Мұндай жағдайлар адам өмірінің кез келген кезеңінде байқалады. Соның ішінде жасөспірім кезеңін алып қарайтын болсақ, мұнда суицидалдық мінез - құлықтың кейбір өзгешеліктері болады. Жасөспірімдер арасында ересек балаларға карағанда өзін - өзі өлтіруге әрекет жасау жиі кездеседі. Бірақ олардың азғана бөлігі өздерінің қойған мақсатына жетеді. Суицидалдық мінез - құлық бұл жаста көп жағдайда демонстративтік сипат, сонымен бірге байбаламдық сипат алады [1]. А.Е.Личконың көрсеткеніндей, тек қана жасөспірімдердің 10 пайызы ғана шынайы өлгісі келетін ниет білдірсе, ал 90 пайызы көмекке шақырған жанайқайы.

Балалар депрессиясының белгілеріне әрбір ұсақ- түйекке мән берушілік, іш пысу мен шаршағандық сезімдері, айтқанды тыңдамау мен айқай - шу, жанжал көтеруге дайын тұрушылық, ішімдік пен есірткіні пайдалану жатады.

Депрессияның деңгейі көп жағдайда суицидалдық қорқыныштың шынайы көрсеткіші болып келеді. Жалпы

айтқанда, жасөспірімдер арасындағы суицидалды мінез - құлыққа өз құрбылары мен ата - аналары арасындағы жеке қарым - қатынастардың да ықпалы әсерін тигізеді. [2]

Әр суицидтің шығу себебі бар. Бірақ көп жағдайлардағы себеп ондай адамдардың өмірдің қиыншылықтарын дұрыс түсінбеулерінде болады. Бұлар басты себептері. Ал басқа себептердің барлығы осы басты себептерге тікелей тәуелді.

Ренжу. Кейде жасөспірімдердің арасындағы суицид ата-анасына ренжудің салдарынан болады. Бірақ сондай ардақты жандарға ренжіп өзін-өзі өлтіру де жан дүниесінде кемістігі бар адамның істейтіні болса керек.

Қателік. Өмір болғаннан соң қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Қателіктерге ұрыну барлығымыздың табиғатымызда бар нәрсе. Қандай қателік жасасақ та суицидпен шешімін табуымыз дұрыс емес.

Суицид (лат. өзін-өзі және өлтіру) - алдын-ала ойластырылып өзіне жасалған қастандық немесе өзін-өзі өлтіру. Американдық суицидолог Э.Шнейдман суицид психологиялық қажеттіліктер фрустрациясының нәтижесінен болатын ауыр жан күйзелісі ауруынан туындаған аутоагрессия түрінде көрінеді деген. [3] Шынында да, өз - өзіне қол жұмсаушылар кейбір өмірдегі қиын жағдайларды өте ауыр қабылдайды:

Бүгінгі таңда суицид тақырыбының өзектілігі сондай, соңғы уақыттарда суицидтің болмысын, себебін, оның пайда болу шарты мен факторларын түсінуге, сонымен қатар оның алдын - алудың тиімді моделін қарастыруға зерттеушілердің қызығушылығы арта түсті.

**Тақырып 6.**  
**Суицидтың даму динамикасы. Суицидалдық мінез-құлықтың ішкі және сыртқы формалары**

1. *Суицидалдық мінез-құлық факторларының талдауы.*
2. *Суицидалдық мінез-құлықтың қалыптасу процесі және психикалық реакциялардың типологиясы.*
3. *Суицидалдық мінез-құлықтың теориялары.*

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесінде адамның суицидтік көріністерін зерттеу және профилактикалық шараларды жасау мақсатында суицидтік тәуекелдің факторларын анықтау үшін суицидтік жүріс-тұрыстың мотивтерін, жағдайларын және себептеріне терең жан-жақты ғылыми негізде әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық талдау жасап, жинақтау аса өзекті болып отыр. Сондықтан да саяси тұрақсыздық және әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайларында адамдар арасындағы әлеуметтік-психологиялық шиеленістің күннен күнге артып, ушыға түсуі, әлеуметтік қызметкерлерге әлеуметтік-психологиялық атмосфераның ерекшеліктерін ескере отырып, суицидалды адамдармен әлеуметтік профилактикалық және әлеуметтік-терапевтік іс-шараларды ұйымдастыру туралы жауапкершіліктерді арттыруда. Адамдардың осындай психикалық күйіне әлеуметтік әсер етулердің елеулі екендігі туралы өзін-өзі өлтірумен (*суицид*) аяқталған көрсеткіштер бойынша пікір айтуға болады. Соңғы жылдары өзін-өзі өлтірулердің күн санап таралғандығы, (*ал мұндай өзін-өзі өлтірулер күн сайын 1000-нан аса жасалады – барлығы жылына 500 мыңға жуық*) – бүкіл әлемдік қауымдастық үшін маңызды әлеуметтік және қоғамдық мәселенің өзектілігін көрсетіп отыр [1].

Суицидалдық мінез-құлығы өзін өмірден айыру туралы түсінікпен бағытталатын қандай болса да психикалық актілердің ішкі және сыртқы түрлері болып табылады.



Өзін-өзі өлтіру халықтың өлім-жітімге ұшырауының ең кең таралған себептерінің бірі болып табылады және қоғамның денсаулығына, әлеуметтік тәртіптің, нормалардың бұзылуына және экономикаға айтарлықтай зиянын тигізеді. Яғни өзін-өзі өлтіруге тырысқан адам өз-өзіне қастандық жасау арқылы ұзақ ауруға, ал кей кездері өмір бойы әлеуметтенуден кейін қалатын мүгедектікке алып келеді. Суицид өмірмен қош айтысуға әрекет жасап көрген адамның ғана емес, оны қоршаған ортаның психикасын бұзатын, қоғам үшін, әлеуметтік жүйенің қалыпты қызмет атқаруына кедергі болып табылатын жауапсыз іс-әрекет. Қоғамдық өмірдегі белсенді өзгерістер күн өткен сайын жылдам өтетін сипатқа ие бола бастауда, осының нәтижесінде алуан түрлі топтар мен әлеуметтік топтар тең емес жағдайларда қалады, бұл өз кезегінде суицидтік жүріс-тұрысқа жол ашатын алғышарт ретінде қарастырылады. Дағдарысты жағдайлар мен суицидтік іс-әрекеттердің даму барысында адамдардың жас кезеңдері маңызды мәнге ие болып келеді. Зерттеушілер бұл жағдайда өздерінің ерекше белгілері бар үш жас аралығын бөліп көрсетеді: балалар мен жасөспірімдер, еңбекке жарамды жас және инволюциялық кезең.

**Суицидалдық мінез-құлығы** өзін өмірден айыру туралы түсінікпен бағытталатын қандай болса да психикалық актілердің ішкі және сыртқы түрлері болып табылады.

Суицидалдық мінез-құлық генетикалық туысқан қатынастағы психикалық актілердің әртүрлі ішкі (сонымен қатар вербалдық) және сыртқы түрлерін біріктіреді.

Созылмалы есі ауысу аурулары жоқ адамдардың суицидалдық мінез-құлықтың негізгі себептері туралы мәліметтері қарсы және көпшіл болып табылады. Сонымен, **шетелдік авторлардың** жариялауларында тіршілік ету үшін күресті шыдамаған, үміті үзілген (жұмыссыздықтың өсуі, мұқтаждық, әлеуметтік мәртебесінің төмендеуі) адамдардың суицидке басым болу бойынша акценті көрсетіледі.

**Отандық зерттеушілер** суицидалдық мінез-құлықтың себептерінің арасынан жекелік мағынаның санаттарын (наразылық, кек, көмекке шақыру, бас тарту, құтылу) белгілейді және **суицидалдық шешім қабылдаудағы жетекші себептерді** анықтайды:

1. Сәтсіздіктің себептері (жалғыздық, өмірдің ауырлығы).
2. Суицидентпен бірге басқа адамдар қатыстырылған жанжалдың себептері. Психикалық денсаулық бәсекелестік жағдайда күштеніп жатқан ұжымының әлеуметтік-психикалық ахуалымен қатты байланыста болады.

Суицидалдық мінез-құлықтың дамуында белгіленген кезең анықталған:

1. Ұзақ немесе қатты жетілдіретін психотравматикалық жағдайдың болуы;
2. Суицидалдық ойлардың тууы;
3. Суицидалдық мінез-құлықтың негізгі себебі немесе каннар жан құбылысының тууы;
4. Суицидалдық әрекетін жүзеге асыруы.

Суицидалдық әрекеттеріне бару жан құбылыстарының келесі жалпы сипаттамасы:

- жалғыздық, қараусыздық, қажетсіздік сезімдері;
- өзіне деген кемшіліктің сезімі;

ары қарай тіршілік етудің мақсатсыздығы және азаптылығы;

жақсы жаққа өзгерту үмітін үзуі;

мұраттың апаты;

өзін кінәлі сезу;

жазаның алдындағы қорқыныш;

өзіне жанашырлық пен аяу сезімдерін шақыру тілегі;

қорғау мен қолдауды алу тілегі;

өз үшін пайдалы бағыты бойынша жағдайды өзгерту тілегі;

кек алу, «жәбіршіні жазалау».

Қызметкердің суицидалдық мінез-құлықтың ішкі түрлеріне ажал туралы ойлар, көріністер, жан құбылыстары мен ниеттері жатады. Жанжалды шеше алмайтынын ұғынған кезде адамда өмірінің құндылығы жоқ екені туралы ойлар және жан құбылыстары пайда болады: «Өмір сүру керек емес», «Өмір сүрмейсің, жай тіршілік етесің» және т.б. Бұл өзіне-өзі қол жұмсау шешімін қабылдау процесіндегі өзінше «нөлдік» топтамасы болып табылады.

**Бірінші саты** – *өзіне-өзі қол жұмсау туралы пассивті ойлар* – өзінді өмірден айыру тақырыбында емес, тек қана

көрініс, елестермен сипатталынады. Осыған орай, келесі мысал: «Ұйықтап қалып, одан кейін оянамын», «Өлгенім дұрыс болар еді», «Осылай өмір сүргенше, өлгенім дұрыс», «Менімен бір оқиға болып, мен өлсем» және т.б.

**Екінші саты** – *суицидалдық ойлар* – бұл өзіне-өзі қол жұмсау ықыласының белсенді көрінісі, оның тереңдігін жүзеге асыру жоспарының әзірлеуіне параллельді түрде жоғарыланады. Өзіне-өзі қол жұмсаудың тәсілдері, уақыты және орындалатын жері ойластырылады.

**Үшінші саты** – *суицидалдық ниет* – сыртқы мінез-құлығында тікелей өтуіне оятатындай, ниеттің шешімі мен жігерлі бөлігіне қосылуын білдіреді.

Өзіне-өзі қол жұмсау ойларының туу сәтінен бастап, оны жүзеге асыру әрекетіне дейін кезеңі пресуицид деп аталады. Оның ұзақтығы минутпен (өткір пресуицид) немесе айлармен (созылмалы пресуицид) есептелінеді. Өткір пресуицид кезде суицидалдық ниеттердің көрінісі бірден байқалады – ешқандай алдындағы сатылар болмайды.

Суицидалдық мінез-құлықтың **сыртқы түрлері** өзіне-өзі қол жұмсау немесе өзін-өзі өлтірудің әрекетінен құрылады.  
**Суицид даму динамикасы:**

1. Антивитальдық көріністер («Өмір сүрмейсің, жай тіршілік етесің», «Осылай өмір сүру не үшін керек» және т.б.)

2. Пассивтік суицидалдық ойлар («Ұйықтап қалып, одан кейін оянама ғой»).

3. Суицидалдық пікір (суицидтің жоспарын құруы, жерді, уақытын, тәсілін таңдау).

4. Суицидалдық ниет (санадан тыс, жігерлі бөлігі және осыны жүзеге асыру ықыласы).

5. Суицид.

## Тақырып 7. Тұлғаның антисуицидалдық факторлары

1. Антисуицидалды факторлары және оның түсінігі
2. Профилактикалық жұмыс

*Тұлғаның антисуицидалды факторлары* - бөлек тұлға көзқарастары (уайымдары), суицидалды мінез құлықтың қалыптасуына немесе суицид іс әрекеттің орындауына кедергі болатын. Оған жатады : маңызды жақын адамдары мен эмоционалды байланыс, тым жоғары жауапкершілік, шығармшылық жоспарлардың болуы, физикалық ауыртпашылықтан қорқу және т.б. [7].

*Антисуицидалды кедергі* - тұлғалық әлеуметтік психологиялық факторлар кешені , суицидалды белсенділікке немесе психотравмалық жағдайларды шешу тәсілі ретінде оны құнсызды қылуына кедергі болатын. Суицид кінә деп танылуы діни өкілдерінің айтуымен жүзеге асырылуы мүмкін; әлеуметтік көзқараспен, суицид іс әрекетті жасалаумен негізделген. Эстетикалық түсініктері туралы өзіне-өзі қол жұмсаудың «сұлу еместігі» және т. б.

**Тұлғаның антисуицидалды факторлары** - бұл қалыптасқан жағымды өмірлік көзқарастары, өмірлік ұстанымы, тұлғалық фактор жиынтығы және адамның психологиялық ерекшеліктері, сонымен қатар суицидалды ниетті жүзеге асыруға кедергі келтіретін жан толғанысы.

Оған жатады:

- отбасы мүшелері мен туған-туысқандарымен эмоционалды жақындығы;

- айқын борыш сезімі және міндеттілік;

- өз денсаулығының жай - күйіне деген зейінің бағытылығы, өзіне физикалық зиян келтіруден қорқу.

- әлеуметтік ортаның көзқарасын есепке алу және қоршаған ортаның сынауынан қашу, өзін - өзі өлтірудің маскара болуын елестету және суицидалды мінез - құлық моделін қабылдамау (сынау);

- қолданылмаған өмір мүмкіндіктері жайлы наным сенімдері;
- өмірлік, шығармашылық, отбасылық және басқада жоспарлардың, ойлардың болуы;
- рухани, адамгершілік және эстетикалық ойлау критерияларының болуы;
- психологиялық икемділік және бейімділік, жеке басының жағымсыз уайымын өтеуін білу, психикалық шиеліністі шешу үшін әдістерді қолдану;
- өмірлік өзекті құндылықтардың, мақсаттардың болуы;
- өмірге қызығушылық таныту;
- отбасыға, жақын адамдарына жақындығы, олармен қарым - қатынастың маңыздылығы;
- діндарлық деңгейі және өзін өзі өлтіру күнәдан қорқу;
- өзінің жақын болашағын және өмір перспективаларын жоспарлау;
- өзіне-өзі қол жұмсау кейінгі сыртқы келбетінің жағымсыз кескіні;

**Антисуицидалды көзқарасты қалыптастыру үшін қажет:**

- әрдайым әнгімелесу, оны өз ойларымен жалғыз қалдырмау;
- өз күшіне және мүмкіндіктеріне сенімділігін артыру;
- оптимизм мен үміт бойына сіңіру;
- жанашырлық танытуға, жылулық пен түсініспеушілікпен оны қоршау;
- мінез-құлқын қадағалау, құрдастарымен қарым - қатынасын талдау.

Адам бойында (жасөспірімдерде) өмірдің маңыздылығын көрсететін факторлары көп болғаны антисуицидалды кедергіге мықтырақ болғаны. Яғни, «психологиялық қорғанышы» жоғары және өзіне ішкі сенімділік жоғары болса антисуицидалды кедергі де, мықтырақ болады.

Осылайша, біз антисуицидальное мінез-құлық анықтаймыз жасампаздық нысанды мінез-құлық ретінде, позитивті көңіл-күймен сипатталатын, өмірлік күштерімен, сондай-

ақ индивидтің психикалық және мінез-құлықты белсенділігі аксиологиялық, әлеуметтік және биологиялық аспектілері жұмыс істеуі.

Тәуекел факторлары адамның суицидтік әрекетін жасау ықтималдығын арттыратын жеке немесе қоршаған орта сипаттамаларына жатады. Кейбір факторлар басқаларға карағанда маңызды болуы мүмкін, әсіресе бірнеше қауіп факторларының жиынтығы. Осы PsychologyOnline мақаласында біз туралы айтатын боламыз **Суицидалды мінез-құлықтағы қауіп факторлары.**

*Тәуекелдің негізгі факторлары*

Деректердің кейбір айырмашылықтары болғанымен (ДДСҰ, 2001; Гарсия де Джалон, 2002; Паскуаль Паскуаль және басқалары, 2005; Марис, Берман және Сильверман, 2000); ДДСҰ (2009), жалпы алғанда, төмендегілердің қауіп факторлары болып табылатындығын анықтауға болады:

- **Діни мұраттарыңыз жоқ.** Өзіне-өзі қол жұмсаудың сенушілер мен практиктерде сенбейтіндермен салыстырғанда төмен деңгейі анықталды.

- Аудандарында тұрыңыз **қоғамнан оқшаулану** (әсіресе ірі қалалардың депрессиялық аймақтарында, сонымен қатар халық көп шоғырланбаған ауылдық жерлерде).

- **Психикалық ауытқудан зардап шегу:** 90% -дан астам жағдайда қатар жүретін психиатриялық ауру бар (Moscicki, 2001).

- **Көңіл-күйдің бұзылуы (аффективті):** өзіне-өзі қол жұмсау қаупі 15% -дан 20%-ға дейін, ауыр депрессия мен биполярлық бұзылыстарда жоғары. Өз-өзіне қол жұмсау биполярлық бұзылысқа карағанда биполярлық бұзылыста, созылмалы түрінде анағұрлым аз. Аффективті шағымдардың бірінші сатысында сирек кездеседі. Қауіп ауыр түрінде (үлкен депрессия) және жасына байланысты (егде жастағы депрессия) жоғарылайды. Антидепрессантты емдеуді бастаған кезде суицидтің жоғарылауы байқалады, өйткені бұл депрессияға дейін психомоторлы тежеуді жақсартады.

• **Маусымдық депрессиялар** олар сонымен қатар депрессия мен суицид арасындағы қатынастарға әсер ете алады және көктем мен күзде суицидтің шамалы өсуін түсіндіреді (Ли, 2006).

• **Нашақорлық:** Алкоголизмде суицидтің деңгейі 15% құрайды. Опиаттар мен кокаинді қолдану сияқты басқа есірткіге тәуелділіктің жиілігі біршама төмен (10%). Осылайша, алкогольді және психоактивті заттарды теріс пайдалану суицидтердің 25% -ына әсер етеді және суицидтік идеялардың пайда болуын жеңілдетеді.

• **Шизофрения:** Суицидтің деңгейі 10% құрайды және шизофрения субъектілерінің 30% -ы өзіне-өзі қол жұмсауға тырысады (Гомес Масиас және басқалар, 2007). Бұл галлюцинаторлық белсенділікпен және депрессиямен байланысты. Шизофрениялық бұзылыстар аурудың алғашқы жылдарында немесе ауруханадан шыққаннан кейінгі апталарда ерекше қауіпті сәттер болып табылады. Бұл көбінесе жастарда, аурудың алғашқы төрт жылында пайда болады және аурудың қайталанған өршуімен және өзіне зиян келтіру әрекеттерімен байланысты (Робинсон және басқалар, 2010).

• **Тұлғаның бұзылуы:** Ең қауіпті бұзылулар - бұл диссоциальды тип, тұлғаның шекаралық немесе шекаралық бұзылуы және импульсивті мінез-құлықпен сипатталатын бұзылулар.

• **Ас қорытудың бұзылуы** және дененің дисморфты диапазоны 16% мен 39% аралығында (Торо және Кастро, 2005).

• **Органикалық психикалық синдромдар:** Оларға деменция мен Паркинсон ауруы жатады, негізінен.

• **Тарихы бар өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері мен қоқан-лоққы:**

○ Аяқталған актілердің 25% -дан 50% -на дейінгі әрекеттері болған.

○ Соң суицидтік қимылдарды қайталау үрдісі байқалады.

• Сәйкес келетін жас тобында болу **жас ұлдар** (15-34 жас) немесе **үлкендер** (> 65 жас) (Цинь, Агербо және Мортенсен, 2003) (Цинь, 2005).

о Еркектерде жиілік жасына байланысты жоғарылайды, ең жоғары ауру 75 жаста. Олар суицидті әйелдерден 2-3 есе көп тұтынады.

о Әйелдерде аурудың ең жоғары жасы 55 пен 65 жас аралығында. Олар суицидке ерлерге қарағанда 2-3 есе көп тырысады.

• Келесілермен айналысыңыз **әлеуметтік топтар** (Цинь, Агербо және Мертенсен, 2003) (Цинь, 2005):

о Отбасылық жағдайы: бойдақ, жесір, ажырасқан және ажырасқан.

о Жалғыздық: жалғыз өмір сүру, соңғы жылы махаббат қатынастарының жоғалуы немесе сәтсіздігі.

о Рөлді немесе әлеуметтік мәртебені жоғалту.

о Эмигрант болу немесе жақында тамырымен қопарылып, шетке шығару.

о Жұмыссыздық.

о Ақ нәсілге жатады.

• **Отбасы саласында елеулі проблемалар бар** (психикасы бұзылған немесе нашақорлыққа ұшыраған жақын адамдарынан, отбасы мүшелерінен, суицидтік мінез-құлықтағы туыстарынан, отбасындағы физикалық, психикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылықтан), әлеуметтік салада (әлеуметтік оқшаулану) немесе жұмыста (жұмысынан айрылу, экономикалық банкроттық), қудалау-енбек жанжалы).

• Қатысуы **Атыс қаруы** Үйде.

• Болу **түрмеге жабылды** немесе жақында шығарылған.

• Бар **физикалық ауру** созылмалы аурумен немесе мүгедектікті тудыратын аурумен немесе созылмалы немесе айықпас аурумен (қатерлі ісік, ВИЧ, склероз, моторлы, көру немесе есту қабілетінің бұзылуы ...) немесе мүгедектік немесе деформациялық жарақат кезінде пайда болады.

Суицидтің қауіпті факторлары әр түрлі жасына, жынысына және мәдени-әлеуметтік әсеріне қарай, және оларды уақыт өте келе өзгертуге болады. Өз-өзіне қол жұмсау қаупінің факторлары әдетте біріктірілген түрде ұсынылады. Мүмкін болатын бірнеше қауіп факторлары:



## Тақырып 8.

### Суицидқа жақын тұлғамен индивидуалдық жұмыс

1. Э. Дюркгейм өзін-өзі өлтіру шарттары
2. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде өзін-өзі өлтірудің себептері

Э.Дюркгейм өзін-өзі өлтіру шарттарының: эгоистік, альтруистік, аномиялық және фаталистік төрт түрін бөліп қарастырса, оның шәкірті М.Хальбваск бұл жіктемені өзін-өзі өлтірулердің пайда болған жаңа түрлерімен – кінәсін өтейтін, қарғыс айтатын, дезиллюзионды түрлерімен толықтырады.

Э.Дюркгейм бойынша *эгоистік* өзін-өзі өлтіру түрі тұлғаның өзіндік сана құрылымындағы жеке идеалды немесе реалды «Мен» бейнесін әлеуметтік-психологиялық «Мен» бейнесіне қарама-қарсы қойған кезде орын алады. Себебі: әлеуметтік-психологиялық «Мен» тұлғаның мінез - құлқын және іс – әрекетін реттейді. Ал тұлғаның өзін бағалау мен өзін силау – «Меннің» ең маңызды регулятивті қызметтері болғандықтан, олар «Мен» бейнесінің дифференсациялануын, субъективті мәнділігінің артуын тұлға ретінде дамып, жетілуін үнемі қадағалап отыратын негізгі көрсеткіші ретінде қарастырылады. «Мен» бейнесі тұлға өміріндегі негізгі мотив болғандықтан өзіндік жандандыру тенденциясы ретінде, ағзаның барлық қабілеттерін дамытып қоймай, тұлға дамуы мен тұтастығын да қамтамасыз етіп отырады. Өмірден кетудің бұл түрі өзін қоршаған әлеммен аз нәрсе байланыстыратын, жалғыздыққа бейім келетін, жалғыздық пен бөтендікті, түсінбеушілік пен қажеттілікті сезінетін, мінезінің патологиясы, тұлғасының акцентуациялары және бұзылулары бар адамдарда айтарлықтай жиі кездеседі.

*Альтруистік* өзін-өзі өлтіру жеке бас мүдделері қоғамдық әлеуметтік мүдделермен мүлдем сіңісіп кеткен, жоғары идеяларға бағыт-бағдар алған, қоғамдық мүдделермен өмір сүретін және өз өмірін қоршаған адамдардан және қоғамнан жырақта қарастырмайтын адамдарда кездеседі. Альтруистік

суицидтерді психикалық тұрғыдан сау адамдар да, ауру адамдар да жасайды.

**Фаталистік** өзін-өзі өлтіру әр түрлі топ тарапынан адам төзгісіз күшейтілген бақылаудың, тұрақты шектеулердің көп болуының нәтижесінде туындайды, осының салдарынан адам болашаққа сенбей өзін құрабан етеді.

Тұлғалық мағынасы бойынша өзін-өзі өлтірулерді келесідей жіктеуге болады: 1) **паразылық немесе кек алу**: адам психологиялық тұрғыда өзі ешкім де жақсы көрмейді, бағаламайды және түсінбейді деп санайды да, өзін ренжіткен адамдардың агрессиялық әрекеттерін өзіне қарай қабылдайды; 2) **ундеу**: адам өзін ешкімге керексізбін деп санайды да өзінің әрекетімен қоршаған ортаны, топтарды, адамдарды көмек көрсетуге үндейді; мұндай жағдайда суицидтің мақсаты – орын алған мәселені басқа адамдардың көмегімен өзгерту болып табылады; 3) **қашқақтау**: адам қандай да бір жағдаятта жапа шегеді және одан әрі болашақта одан да қиын жағдайлар туындайды деп есептеп, қиындықтан шығудың жалғыз ғана тәсілі – өлім деп санайды; 4) **өзін-өзі жазалау**: адам өмірде өзіне кешіре алмайтын іс-әрекет жасағаны үшін, «сотқа» және «сотталушы» ретінде өзін осылайша жазалай отырып, өз кінәсін өтейді; Сонымен қатар А.Е.Личко өзінің зерттеулерінде суицидтік әлеуметтік жүріс-тұрыстың үш түрін: демонстративті, аффективті және шынайы деп көрсетеді.

Осының ішінде қоғамдық ортада көп кездесетін **демонстративті** суицид – қоршаған адамдарға әсер ету мақсатына ие болып табылады. Мәселен: жағымсыз нәрселерден арылу, аяушылық, тілектестік тудыру немесе жай ғана өзіне назар аудару. Бұл кезде өмірден кетудің тек қана қауіпсіз тәсілдері (*иық маңындағы қан тамырларын кесу, дәрі қабылдау, төменгі қабаттардан секіру және т.б.*) таңдап алынады. Адам суицидтің қатаң бұл әрекетін, орыны мен уақытын басқалар дер кезінде байқап қалып, көмек көрсететіндей етіп алдын ала жоспарланған түрде таңдайды.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде өзін-өзі өлтірудің себептері анықталып олардың мазмұны әлеуметтік-психологиялық,

биологиялық алғышарттар кешені ретінде қарастырылуда. Мәселен: *Ортақ әлеуметтік факторға* әлеуметтік жүйенің тұрақтылық дәрежесі (*нормалар мен құндылықтардың тұрақтылығы, әлеуметтік шиеленіс деңгейі, әлеуметтік бақылаудың күйі*); олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіндегі айырмашылықтарға себепші болатын, әлеуметтік топтар мен таптардың бірдей емес орны жатады. *Спецификалы әлеуметтік факторға* аймақтың ерекшелігі, халықтың тұрақтылық дәрежесі, қоныстану тығыздығы, демографиялық құрылымында диспропорциялардың бар-жоқтығы, экологиялық жағдайлары жатады. Оның ішінде суицидтік жүріс-тұрыстың *ішкі* факторлары болып суицидент тұлғасының жеке ерекшеліктері (*мінезі, психофизикалық және эмоциялық күйі және т.б.*) жатады. *Сыртқы* факторларға биологиялық сипаттағы микроәлеуметтік жағдайлар, ең алдымен отбасы тәрбиесі және коммуникативтік байланыстар жатады. Нақтылы суицидтік актілерді бағалаған кезде ішкі, сыртқы факторлар, мотивтер мен жағдаяттарға байланысты болып келеді.

Осындай аса маңызды мотивтердің жіктемесін С.В.Бородин мен А.С.Михлин ұсынған. Олар тұлғалық-отбасылық кикілжіңдерді, ажырасуды, қоршаған ортада адамдар тарапынан балағаттауды, жақындардың ауруын немесе өлімін, жалғыздық, бақытсыз махаббат, сексуалдық қауқарсыздықты; денсаулық жағдайын (психикалық, соматикалық аурулар, кемтарлықтар); суициттің әлеуметке қарсы жүріс-тұрысымен байланысты кикілжіңдерді (қылмыстық жауапкершіліктің қауіптілігі, жазадан қорқу); жұмыспен немесе оқумен байланысты кикілжіңдер; материалдық-тұрмыстық қиындықтар және т.б. түрлерін бөліп қарастырады.

Өзін-өзі өлтірулер санының артуының негізгі ортақ себебі – бұл адам жалғыздығының артуы барысында, оның қоғамнан қол үзуі, өз кезегінде қоғамның әлеуметтік-саяси тұрақсыздығының нәтижесі болып табылады. Осылайша, өзін-өзі өлтіру себептерін зерттеген кезде, олардың мотивтерін ғана емес, әлеуметтік қоршаған орта мен адамды сипаттайтын

жағдайларды да, сонымен қатар адамның қоғамдағы орнын анықтайтын, қалыпты өмір салтынан болып тұратын әлеуметтік ауытқуларды да есте ұстаған жөн.

Әлеуметтік қызметкер адамның суицидтік жүріс-тұрысын анықтауда және өзін-өзі өлтіру әрекетінің жүзеге асырылуын болдырмау барысында маман ретінде құзыреттілік амал-тәсіл, шараларын қолдануға қабілетті болуы керек. Суицидтік жүріс-тұрысқа бейім адамдармен жұмыс әлеуметтік педагог қызметінің ең күрделі, жауапты бағыттарының бірі болып табылатындықтан, оны жүзеге асыруға жүйелі түрде келуі қажет.

## ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие: социально-психологические проблемы. – М., 2011.
2. Андреева Г.М. Социальная психология. – М.: МГУ, 2010.
3. Андреев В.Н. Конфликтология: искусство спора, ведения переговоров, разрешения конфликтов. – Казань, 1992.
4. Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология: Учебник для вузов. – М.: ЮНИТИ, 2009.
5. Башкатов И.П. Малые группы и межличностные отношения в колониях для несовершеннолетних. – М., 2010.
6. Бородин Ф.М., Коряк Н.М. Внимание: конфликт! Новосибирск: Наука, 1989.
7. Васильюк Ф.Е. Психология переживания. М., 1984.
8. Войткунский А.Я. Я говорю, мы говорим: очерки о человеческом общении. – М., 1990.
9. Глоточкин А.Д., Пирожков В.Ф. Исправительно- трудовая психология. – Рязань, 1974.
10. Гришина Н.В. Я и другие. Общение в трудовом коллективе. – Л., 1990.
11. Гурков И.Б. Проблемы теории конфликта в современной научной
12. Карнеги Д. Путь к согласию. – М., 1991.
13. Козлов Н.И. Как относиться к себе и людям, или Практическая психология на каждый день. – М., 1994.
14. Козырев Г.И. Введение в конфликтологию: Учебное пособие. – М., 1999.
15. Конфликты и пути их разрешения. – Куйбышев, 1990.
16. Скотт Г. Дж. Конфликт: пути преодоления. Пер. с англ. – Киев, 2010.
17. Социальные конфликты. – М.: РАН, 2009.
18. Сухов А.Н. Конфликты в первичных коллективах осужденных. – Рязань, 2008
19. Сухов А.Н. Криминальное общение в среде осужденных. – Рязань, 1993.

20. Усе А.В. Конфликты между осужденными, сопровождающиеся насильственными посягательствами. – Казань, 2010.
21. Фишер Р., Юри У. Путь к согласию или переговоры без поражения.- М.: Наука, 1990.
22. Фрейд З. Психология бессознательного. – М.: Просвещение, 1989.
23. Фрейд З. Страх. – М., 1927.
24. Фром Э. Иметь или быть? – М., 1986.
25. Фром Э. Аналогия человеческой деструктивности. – М., 1994.
26. Хасан Б.И. Психотехника конфликта и конфликтная компетентность. – Красноярск, 1996.
27. Шаленко В.Н. Конфликт в трудовом коллективе. – М., 1992
28. Қосымша ақпарат көздері
29. <http://axi-referat.ucoz.kz> Саяси жанжалдар
30. <http://www.kitaphana.kz> Саяси Билік
31. <http://kk.wikipedia.org/wiki/Тартыс>

Г.Х. Ахметова

**КОНФЛИКТОЛОГИЯ ЖӘНЕ  
СУИЦИДОЛОГИЯ**

*Оқу құралы*

ISBN 978-601-361-329-1



Басылуға 11.01.2023 қол қойылды.

Пішіні 60x84 1/16.

Көлемі 4,95 б.т.

Таралымы 500 дана.

Тапсырыс №00256

ЖШС "ЛАНТАР BOOKS"

Тел.: +7 702 251 02 17

e-mail: [lantar2018@mail.ru](mailto:lantar2018@mail.ru)

Алматы қаласы.